БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz oral_oniri@inbox.ru

www.facebook.com/zhaikpress twitter.com/zhaikpress www.instagram.com/zhaikpress

JAIYQ PRESS

ORAL ÓNİRİ

№24(21521)
Жұма,
20 наурыз 2026 жыл

ӨНЕР

ҰЛТТЫҚ АСПАПТАРДЫҢ ҰСТАСЫ

8-БЕТ

Ғасырлардан жеткен дәстүрлі қолөнерді көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманат етіп келе жатқан ұста-шеберлердің еңбегі зор...

АЙНАМКӨЗ

ЭТНОӘШЕКЕЙ – НӘЗІК НАҚЫШ

9-БЕТ

Этностильдегі әшекей бұйым жасайтын Нұргүл Тұрмұханбетованың туындылары туралы сыр шертеміз.

КЕРУЕН САРАЙ

ҚЫЗҒАЛДАҚТЫ ЖҰЛМАЙЫҚ, ҚЫЗҒАЛДАҚТЫ ҚОРҒАЙЫҚ!

16-БЕТ

Жауқазын – қар ерір-еріместен адам баласының көзіне түсетін, назарына ілігетін көктемнің алғашқы гүлі...

Қадірлі батысқазақстандықтар! Ардақты ағайын!

Наурыз

Күн мен түн теңеліп, Жер-ана түлеп, тіршілік атаулы жаңарған, ырыс пен ынтымақтың алтын арқауына айналған Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Бұл мейрам – өткен мен келешекті жалғаған алтын көпір, ата-бабадан мирас болған салт-дәстүр мен рухани құндылықтардың жаңғырып, жаңа мазмұнмен толығатын айрықша шағы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, Наурыз – халқымыздың рухани болмысы мен ұлттық құндылықтарын айшықтайтын ерекше мереке. Биыл Ұлыстың ұлы күні Ораза айтпен тұспа-тұс келіп, халқымыздың татулығы мен дәстүр сабақтастығын айқын көрсетуге сеп болып отыр.

Бүгінде өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрақты қарқын алып, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында жобалар жүзеге асырылуда. Алдағы уақытта да ел игілігі жолындағы бастамалар жалғасын тауып, әрбір тұрғынның тұрмыс сапасын жақсартуға баса мән беріледі.

Әз Наурыз әр шаңыраққа құт-береке әкеліп, жүректерге қуаныш пен үміт ұялатсын. Ынтымағы жарасқан елдің ырысы артып, бірлігіміз бекем болсын!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, толағай табыс тілеймін!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Игі тілекпен:
Нариман ТӨРЕҒАЛИЕВ,
Батыс Қазақстан облысының әкімі

«Әріптестерге гүл сыйлайық!»

Наурыз

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында «Орал өңірі» газеті редакциясының қызметкерлері жылдағы игі дәстүр бойынша бір-біріне гүл сыйлады. Ұлттық мерекенің мәні мен мазмұнын терең түсінген әріптестер бұған дейін, яғни наурыз айы басталғалы «Ұлттық киім» айлығын жариялаған болатын. Енді кеше бір-біріне ізгі тілектерін айтып, өз қолымен өсірген бөлме гүлдерін сыйға тартты.

Бұл – жай ғана сыйлық алмасу емес, табиғатпен үндескен, мейірім мен ықыласқа толы ерекше дәстүр. «Әріптестерге гүл сыйлайық!» акциясы аясында ұжым мүшелері алдын ала жеребе суырып, кімге кімнің сый жасайтынын анықтап алды. Әрқайсысы өздері баптап, күтіп өсірген гүлдерін жаңа иесіне табыстады.

Осымен оныншы жыл қатарынан ұйымдастырылған игі іс-шараға ұжымның үлкен-кішісі бірдей белсенді түрде қатысты. Газеттің бас редакторы Бауыржан Ғұбайдуллиннің бастамасымен жүзеге асқан бұл дәстүрді әріптестеріміз асыға күтеді. Шынында да, бұл игі дәстүрдің астарында терең мән жатыр. Гүл – тіршіліктің, жаңарудың, көктемнің символы. Ал оны өз қолыңмен өсіріп, өзгеге тарту ету – жан жылуын бөлісу, табиғатқа деген жанашырлықты дәріптеу.

Осындай қарапайым, бірақ мағыналы бастамалар арқылы «Орал өңірі» ұжымы Наурыздың шынайы болмысын – татулық пен мейірімді, жаңару мен жақсылықты дәріптеп келеді. Бәлкім, дәл осындай шағын игі істер үлкен өзгерістердің бастауы болар. Ал гүлден басталған бұл дәстүр көңілдерге нұр сеуіп, қоғамға ізгілік дәнін егуді жалғастыра бермек.

Ардагер ұстаздарға – алғыс пен құрмет

Наурыз

Кеше облыс әкімдігінде өңір басшысы Нариман Төреғалиев ардагер ұстаздар мен сала мамандарын қабылдап марапаттады.

Нұрым ҚАЙЫРБОЛАТҰЛЫ, «Орал өңірі»

Мәди САЛЫҚ

Іс-шара алдында Нариман Төреғалиев жиынға қатысушыларды келе жатқан әз Наурыз мейрамымен құттықтап, білім саласы мемлекеттің басты назарында екенін атап өтті.

– Соңғы үш жылда облысымызда 105,9 млрд теңгеге 30 мектеп жаңадан салынды. Мектептердің материалдық-техникалық әлеуетін арттыруға 11 млрд теңге қаражат бөлінді. Халықпен өткен кездесулерде ауылдағы мектеп мәселесі жиі көтерілетін. Қазір ауылдық жерлерде салынған мектептер ауыл үшін оң нәтижесін беруде. Білім ұясы балаларға толып, сәйкесінше тұрғындар саны да артып келе жатыр.

Ұстаздарымыз білім беру саласындағы жетістіктері мен еңбегі үшін жоғары дәрежелі наградалармен марапатталуда. Өздеріңізге мәлім, педагог Эльмара Траисова былтыр Республика күні қарсаңында Президент Жарлығымен «Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары атағын алды. Бұл – біздің өңір үшін үлкен қуаныш әрі жетістік. Соңғы үш жылда «Құрмет» орденімен екі педагог, «Ерен еңбегі үшін» медалімен сегіз, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағымен төрт педагог марапатталды. Оған қоса, 39 педагог «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», 94 педагог «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері атанды. 28 ардагер ұстазға «Еңбек ардагері» медалі берілді.

Білім мен тәрбиені оқушы бойына сіңіріп, өскелең ұрпақты шыңға жетелеген ақ жүректі, жылы жүзді барша ұстазға айтар алғысым шексіз! – дей келе облыс әкімі Н. Төреғалиев ұстаздарға марапат ұсынды.

Айта кетсек, Орал гуманитарлық-техникалық колледжінің оқытушысы Әсима Сағидуллина «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісін иеленді. Сонымен қатар бірнеше ардагер ұстаз бен сала мамандары «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Олардың қатарында Социал Пұсырманов, Нәлла Никитина, Гүлбарам Ахметқалиева, Жасталап Бекішев те бар. Осы іс-шарада «Еңбек ардагері» төсбелгісін алған Мария Жұматова ақжарма тілегін айтып, саланың қызығы мен шыжығын сөзіне өзек етті.

– Мен 1982 жылдан бері ұстаздық қызметте еңбек етіп келемін. Мектепте алғашқы еңбек жолым басталып, кейін Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжге ауыстым. Бұл колледжде 20 жылдан астам уақыт студенттерге сабақ беріп, болашақ мұғалімдерді даярладым. Бүгінде шәкірттерім түрлі салада жетістіктерге жетіп, білім-білігін дәлелдеп келеді. Мұғалім – мейірімді және талапшыл болуы тиіс деп есептеймін, – деді М. Жұматова.

«Ұлт рухы: тарих пен өрнек»

Дәл осындай атаумен Орал қаласындағы «Жайық арена» спорт кешенінде «Ұлттық киім» күніне арналған театрландырылған мәдени іс-шара өтті. Жайық шаһарының мәдени өмірінде айрықша орын алған бұл кеш «Наурызнама» онкүндігі аясындағы мазмұны терең, тағылымы мол іс-шаралардың бірі ретінде есте қалды. Қазақы нақышпен безендірілген сахна мен ұлттық киім киген көпшілік бір сәтте өткен мен бүгінді жалғаған рухани көпірге айналғандай әсер қалдырды.

Гүлжамал ЖОЛДЫҒАЛИ, «Орал өңірі»

Мәди САЛЫҚ

Салтанатты жиында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев ұлттық құндылықтарды дәріптеу бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі екенін айтып, ұлттық киімнің халық болмысы мен рухани кодының ажырамас бөлігі екенін атап өтті.

Кеш шымылдығы әсерлі театрландырылған қойылыммен ашылды. Сахна төріндегі ЛЭД экранда қыранның самғауы, көкбөрі бейнесі, сайын даланың үні көрініс тауып, көрерменді тарихи сәттерге жетеледі. Ою-өрнек арқылы ұлы даланың тілі сөйлегендей әсер қалдырып, сахнадағы әрбір қимыл ұлттық дүниетанымның астарын айшықтады. Көкбөрі бейнесі арқылы түркі жұртының еркіндік рухы бейнеленсе, көктем қызғалдағы табиғаттың жаңғыруын, өмірдің үйлесімін нәзік түрде жеткізді. Сахналық көріністер барысында көне дәуір тынысы қайта тірілгендей болды. Сақ кезеңінің мұралары, батырлар бейнесі, тарихи тұлғалардың келбеті арқылы ұлттық тарих көркем тілмен өрнектелді. Күлтегін мен Тонықөк жазбаларынан алынған мазмұнды ойлар қойылымның идеялық салмағын арттыра түсті. Тарихи көріністің барлығы көрерменді елдік рухқа үндеп, өткенге тағзым, болашаққа сенім ұялатқаны анық.

Кештің келесі бөлігінде қазақы тұрмыс көрінісі сахналанды. Киіз үй маңындағы тіршілік, ата мен әже, әке мен ана, бозбала мен бойжеткеннің жарасымды бейнесі ұлттық киімнің күнделікті өмірдегі орнын айқын көрсеткендей. Сәукеле киген ару мен шапан жамылған сері жігіттің келбеті қазақы болмыстың эстетикалық сұлулығын таныта түсті.

Мәдени іс-шараның шарықтау шегі этностильдегі сән көрсетіліміне ұласты. Ақтөбе қаласы мен облысымыздың дизайнерлері ою-өрнектерді заманауи сән үрдістерімен үйлестіре отырып, ұлттық киімнің жаңа тынысын ашты. Әр топтамадан ата-баба мұрасына деген құрмет пен жаңашылдыққа ұмтылыс айқын аңғарылды. Оннан астам дизайнер қатысқан сән көрсетілімін көрермен ерекше ықыласпен қабылдады.

Облыстық халық шығармашылығы орталығының директоры Медет Мерғалиев ұлттық киім – халықтың тарихы мен рухының айнасы екенін атап өтіп, мұндай бастамалардың ұлттық мұраны жаңғыртып, оны заманауи сипатта насихаттауға мүмкіндік беретінін тілге тиек етті.

Сән көрсетілімінде «Мария ханым», «AQBOBEK.ASYLBEK brand», «AS_brands.kz», «SAGIRA», сондай-ақ өңірлік «OSMAN», «ДариЛили», «MyLady» сән орталықтарының топтамалары ұсынылды. Әр топтама өзіндік идеясы мен стилі арқылы ерекшеленді.

Облыстық дизайнерлер қауымдастығының төрайымы Әсем Сырымова ұлттық киімге деген қызығушылықтың артып келе жатқанына тоқталып, бүгінде жастар күнделікті киім үлгісіне ұлттық элементтерді енгізуге ден қойғаны ұлттық мәдениеттің жаңғыруына жол ашатынын айтты. Қолөнер шебері Меңдібек Нұрғалиев ұлттық киім уақыт ағымына сай өзгеріп келеді деген ойын ортаға салды. Оның айтуынша, заманауи пішіндерге сұраныс артқанымен, дәстүрлі ою-өрнек пен бояудың сақталуы басты назарда қала бермек.

Көрме аймағында өңір қолөнершілері өз бұйымдарын ұсынып, ұлттық құндылықтарды насихаттады. Көрмеде қолөнер туындыларымен бірге ауторлық ізденістер мен жаңа бағыттағы жұмыстар да көпшілік назарына ұсынылды.

Кеш соңында өңірдің бірқатар дизайнері облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің атынан алғысхаттармен марапатталып, олардың ұлттық өнерді дамытуға қосқан үлесі жоғары бағаланды. «Ұлт рухы: тарих пен өрнек» атты ауқымды мәдени іс-шара ұлттық киімді тек эстетикалық құндылық ретінде ғана емес, халықтың терең тарихы мен бай рухани әлемінің көрінісі ретінде дәріптеп, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

«Шаңырақ» күніндегі марапат

Оралдағы Достық үйінде «Наурызнама» онкүндігі аясында «Шаңырақ» күніне орай «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» атты үлгілі отбасылармен кездесу өтті.

«Шаңырақ» күні – махаббат, құрмет, сенім, өзара көмек, мейірімділік, қайырымдылық, анаға құрмет және балаларға деген сүйіспеншілік сияқты отбасылық құндылықтарды насихаттауға арналған. Іс-шараға жас және көпбалалы отбасылар қатысты. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатқан ерлі-зайыптылар да болды. Ондай отбасылар жауапкершіліктің, адалдықтың, өзара сенім мен құрметтің, отбасылық құндылықтарды сақтаудың нақты үлгісі екені сөзсіз.

Облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Гүлжанар Шөкееваның айтуынша, Наурыз мерекесі қарсаңында еліміздің түрлі аймақтарында «Наурызнама» онкүндігі атап өтіледі, ал 17 наурыз – отбасылық бақыт пен ұрпақтар сабақтастығының символы «Шаңырақ» күні. Батыс Қазақстан облысы ассамблеясы Аналар кеңесінің төрайымы, педагогика ғылымдарының докторы Шалқыма Құрманалина іс-шаралардың жастар арасында ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды насихаттауға бағытталғанын атап өтті.

Іс-шарада облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қайреден Жақсықұлов пен ардагер педагог Қанат Оразғалиев жас отбасыларға бата берді. Қанат Оразғалиевтің айтуынша, оның шаңырақ көтергеніне жарты ғасырдан астам уақыт болған. Ол өмірлік серігімен Оралда танысқан, ал асыл жары – Ресейден. Тілдік кедергілер мен ойлау қабілетінің айырмашылығы олардың бірге болуына бөгет болмады. Өйткені отбасындағы ең маңызды нәрсе – өзара құрмет, сыйластық. Қарт ата-анасы ауырған кезде де, әйелі күн-түн демей оларға қамқорлық жасады. Ол әрқашан қасында болды, қиындықты да, қуанышты да бірге көрді. Биыл ақсақал 80 жасқа толады. Қанат Исламғалиұлы жасына қарамастан өзін тың сезінеді, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүр.

Басқосуға Байғалиевтар отбасы қатысты. Ақжаулықты ана Жаңылсын Байғалиева 1946 жылы Қаратөбе ауданының Егіндікөл ауылында дүниеге келді. Ол марқұм күйеуі Дүйсекешпен бірге он бала сүйген. Оның айтуынша, көпбалалы отбасылар тірліктегі тұрмыстық қиындықтардан қорықпаулары керек. Көп еңбек етіп, ұл-қызының санасына еңбекке деген сүйіспеншілікті сіңіріп, ата-ана өнегесімен өсірген дұрыс. Сондай-ақ балаларым көп деп мемлекеттен үнемі көмек сұрауға арқа сүйемеу қажеттігін айтты.

Бақытты отбасының балапандары қанаттанған, бұл күндері олар түрлі салада қызмет етеді. Бір ұядан ұшқан бауырлар тату, бір-біріне көмектеседі. Ж. Байғалиеваның 28 немересі және 17 шөбересі бар. Отбасылық дәстүр бойынша баршасы спортпен айналысады, домбыра тартады. Бұл іс-шарада Шапағат Әнуарқызы Құрманғазының «Адай» күйін бебеулетті, ал Марат Байғалиев «Шашбаулым» әнін домбырамен сүйемелдеп орындады.

Әдемі мен Әсет Оразғалиевтардың айтуынша, олар мұндай іс-шараларға қатысу арқылы көп нәрсені ойға түйеді және мұндай шаралардың тәрбиелік мән-маңызы зор. Гүлжанар Болатқызы өнегелі отбасыларға облыс әкімі атынан символикалық сыйлықтар табыс етті.

Гүлнәр ШӘҢГЕРЕЙ,
Орал қаласы

Қысқа-нұсқа

ЖАҢАҚАЛА

Аудан әкімі Алпамыс Көшкінбаев наурыздың 17-сінде Орал қаласында жаңақалалық жайсаң азаматтарға ауызашар дастарқанын ұйымдастырды. Бұл тағылымды кеште ауданның еңбек ардагерлері, орта буын өкілдері мен жастар бас қосты. Жылы жүздесу барысында үлкендер ақ батасын беріп, ұрпақтар сабақтастығы мен елдегі ынтымақ-бірліктің маңызын ерекше атап өтті. Мұндай игі іс-шаралар қоғамдағы татулықты нығайтып, рухани құндылықтарды дәріптеуге жол ашады.

КАЗТАЛОВ

Сәрсенбіде Казталов аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXIX сессиясы өтті. Күн тәртібінде 2026-2030 жылдарға арналған ауданның даму жоспарына өзгерістер енгізу, бірқатар комиссияның құрамын бекіту, сондай-ақ аудандық жер комиссиясына қатысты шешімнің күшін жою мәселелері қаралды. Сессия барысында депутаттар ауыл шаруашылығы, соның ішінде сүт өндірісі мен еңбек тәртібі мәселелерін көтеріп, жауапты сала басшыларынан нақты жауаптар алды. Күн тәртібіндегі барлық мәселе депутаттардың қолдауымен бірауыздан қабылданды.

ҚАРАТӨБЕ

Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 17 наурыз – «Шаңырақ» күніне орай рухани кеш өтті. Іс-шараға аудан орталығында тұратын үлгілі отбасылар, медицина саласының ардагерлері Өтеғалиевтар отбасы, аудандық сот мекемесінің кеңсе меңгерушісі Серікжан Жаролла және бірнеше жылдан бері тазы баптап жүрген мұғалім Азамат Исаның отбасы қатысып, ұлттық құндылықтар тақырыбында ой бөлісті.

Кеште аудан әкімінің орынбасары Ғабит Ғазиев пен аудандық мәслихаттың төрағасы Нұрлан Меңдешев отбасының қоғамдағы рөлі туралы әңгімеледі. Ауыл тұрғыны Азамат Иса тазы баптау ісі туралы айтып берсе, Серікжан Жаролла отбасы құндылықтарын насихаттап, мерекемен құттықтады. Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Нұржамал Бернияз-ова кеш қонақтарына алғыс айтып, сыйлықтар табыстады.

СЫРЫМ

М. Есламғалиұлы атындағы аудандық кітапханада мүгедектігі бар ересектер мен ерекше балаларға арналған «Армысың, әз Наурыз!» атты мерекелік іс-шара өтті. Кешті аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін орталық және отбасын қолдау орталығы ұйымдастырды. Аудан әкімінің орынбасары Серік Тоқмамбетов қатысушыларды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады. Өнерпаздар ән-күйден шашу шашып, «Қайсар» спорт клубында спорттық сайыстар өткізілді. Әдемі ұлттық киім киіп келген қатысушылар сыйлықтармен марапатталды.

ШЫҢҒЫРЛАУ

Аудан әкімі Мұрат Өмірәлиев жұмыс сапарымен Амангелді ауылында болды. Сапар барысында ауылдағы әлеуметтік нысандарды аралап, жұмысымен танысты және еңбек ұжымдарымен кездесті. Кейін ауылдық мәдениет үйінде ауыл тұрғындарымен кездесу өткізіп, алда өтетін ауылдық округ әкімінің сайлауы туралы айтты. Жиынға қатысқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлыбек Қалиев Ащысай ауылдық округі әкімінің өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты сайлау өткізу тәртібі туралы түсіндірді.

Тарих тағылымы

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жанындағы тарихи-этнографиялық музейде Бөкей ордасы хандығының 225 жылдығы, Хан ордасы ауылының 200 жылдығы және Жәңгір хан мектебінің 185 жылдық мерейтойлары аясында мерекелік іс-шара өтті. Жиынды «Бөкейліктер» қоғамдық бірлестігі мен Орал қалалық мәдени-ағарту бірлестігіне қарасты «Ардагер» клубы ұйымдастырды.

Басқосуда сөзді облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Гүлжанар Шөкеева, «Бөкейліктер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайролла Сабыров және Орал қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мынатаубиік Әнесов сөз алды. Олар өз сөздерінде Наурыздың ел бірлігін нығайтатын, ұлттың рухани құндылықтарын жаңғыртатын ұлық мереке екенін атап өтті. Сонымен қатар Бөкей ордасының бай тарихы мен тағдырлы жолы бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге екенін айтып, жас буынды ата-баба дәстүрін қадірлеуге шақырды.

Іс-шараның театрландырылған бөлімінде Хадиша Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының әртістері «Хан Жәңгір» қойылымын сахналады. Көрермендер қойылымды тамашалап, тарихқа көз жүгіртті.

Жиын барысында ақын, журналистика ардагері Ғайсағали Сейтақ та өз пікірін білдіріп, тарихи тұлғалардың рөліне тоқталды. Оның айтуынша, бүгінгі таңда аталып өтіп жатқан мерейтойлық даталардың мәні ерекше.

– Биылғы мерейлі даталар аясында облысымызда ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Бұл – өткен тарихымызды тану, оны саралап, болашаққа сеніммен қарау үшін аса маңызды. 1801 жылы Бөкей хан Астрахан губернаторымен келісімге келіп, бірде-бір оқ шығармай Еділ мен Жайықтың арасына қоныс аударғаны белгілі. Егер осы тарихи көш болмағанда, бұл өңір қазақтың құтты мекеніне айналмас еді. Сондықтан Бөкей ханның қазақ тарихындағы еңбегі орасан зор деп есептейміз. Дегенмен бүгінге дейін оның хандықты құрудағы рөлі толық зерттелмей келеді, тіпті туған жылы да нақты анықталмаған. Көбіне Жәңгір хан туралы кеңінен айтылады да, Бөкей хан тұлғасы тасада қалып жатады. Алдағы уақытта осы олқылықтың орнын толтыру қажет, – деді ол.

Кештің ерекше әсерлі сәттерінің бірі жасанды интеллект көмегімен дайындалған бейнеролик болды. Онда Жәңгір ханның бейнесі жаңғыртылып, ұрпаққа арнаған өсиеті өз дауысымен жеткізілді. Көрермендер тарихи тұлғаның тағылымды сөздерін тыңдай отырып, оның даналығы мен болашаққа аманат еткен ой-тұжырымдарын терең сезінді. Одан кейін Жаһанша Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің студенттері Бөкей және Жәңгір хандардың өмірі мен қызметі туралы мазмұнды деректерді бөлісіп, көпшілікке тарихи мағлұмат ұсынды. Ал кештің соңы «Ардагер» клубының өнерпаздары орындаған ән мен күйге ұласып, әуелеген әуен мен күмбірлеген домбыра үні музей ішін ерекше думанға бөледі.

Хиуаз ТАЛАНТ,
Орал қаласы

Жаңа монография жарық көрді

Сырым ауданында «Алаш тарихының іздері және ұрпақтар сабақтастығы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Осы жиында алаштанушы ғалым Дәметкен Сүлейменованың «Оралда атылған Алаштың ардақты ұлы – Хасан Нұрмұхамедов» атты монографиясы таныстырылды. Ғылыми еңбектің тұсаукесер рәсіміне аудан әкімінің орынбасары Серік Тоқмамбетов қатысты.

«Хасан Хазірет, Хасан Нұрмұхамедов (т.ж.б., Орал обл., Гурьев уезі, Тайсойған болысы – 1938) – Батыс Алашорда діни қайраткері, мұхтасиб. Тегі – Байұлына жататын шеркеш руы. Бастауыш ибтидай, орта рушдия медресесін аяқтағаннан кейін, 1901 жылы Бұхара қаласындағы жоғары дәрежелі діни білім беретін Мір-Араб медресесін тәмамдаған. Тайсойған құмында медреселі мешіт ұстаған. Халел Досмұхамедов – арқа сүйеген ықпалды адамдардың бірі. 1917 жылы Орал облысындағы дін мәселесі Орынбор дін басқармасына қаратылуына байланысты тағайындалған алғашқы мұхтасибтардың (ауданда дін ісін жүргізуші) бірі. 1917 жылы сәуірде Орал қаласында өткен I Орал облыстық қазақ съезінің делегаты. Осы жиында Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Орал облысынан делегат болып сайланды».

Монографиядағы дерек

Бұхарадан ілім алған хазірет саяси тұлғаға айналды. Азаматтар Алаш деп атқа қонып жатқанда, Х. Нұрмұхамедов ұлт шамшырағы бола білді. Бұл жол қазақтың сенімнен айнымай, халықтың рухын сақтаудың жолы еді.

– Монографияда Ойыл уәлаяты уақытша үкіметінің мүшесі Хасан Нұрмұхамедовтың тегі, XX ғасырдың басында атқарған қоғамдық-саяси қызметі баяндалады. 1917 жылдан ұлт зиялыларымен ниеттес болып, қазақ халқының болашағы үшін күрескен қайраткер екені архив материалдары арқылы толық дәлелденді. Ол екінші Жалпықазақ съезінде автономия жариялау мәселесінде Жаһанша Досмұхамедовтың позициясын қолдады, – деді аутор, Сырым ауданының құрметті азаматы Дәметкен Сүлейменова.

Бауыржан ШИРМЕДИНҰЛЫ,
Сырым ауданы



Тамсандырған «Тәмmi-fest»

Жуырда Орал қаласындағы көрме залында дәстүрге айналған «Тәтті-fest» көрме-жәрмеңкесі өтті. Іс-шараны облыстық Іскер әйелдер кеңесі ұйымдастырды. Үшінші рет өтіп жатқан бұл фестиваль жыл санап қатысушылар мен келушілердің қызығушылығын арттыруда. Көрменің салтанатты ашылуына қала әкімі Мұрат Байменов және облыс әкімі аппаратының басшысы Нұрділдә Ораз қатысып, іс-шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын, сондай-ақ ұсынылған өнімдердің алуан түрлілігін атап өтті.

Мәди САЛЫҚ

Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Ляна Тұрсынова **(суретте)** өз сөзінде бұл іс-шараның өңір экономикасы үшін маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, қатысушыларды іріктеу биыл бұрынғыдан да қатаң жүргізіліп, тек дәміне емес, өнімнің сапасына, безендірілуіне, қаптамасына және табиғи, экологиялық таза шикізат қолданылуына мән берілген.

– Биылғы көрменің ерекшелігі – өнім сапасына бөлінген ерекше көңіл. Осының арқасында бір алаңға өңірдің ең үздік кондитерлері жиналып, шеберліктерін паш етуде. Көрме қатысушылары үшін ең бастысы – сатылым, ал бұл алаң оларға сапалы өнімнің ғана сұранысқа ие болатынын түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ қазіргі әйел кәсіпкерлердің батылдығы мен бастамашылдығын ерекше атап өту керек. Егер бұрын көптеген қатысушы үйде ғана кәсіп жүргізетін болса, қазір олар толыққанды цехтар ашып, өндірісті кеңейтіп, өз кәсіптерін дамытуда. Әсіресе, агробизнес саласында бұл көрініс айқын байқалады. Әйел кәсіпкерлер дән егіп, оны өңдеп, одан тәтті өнімдер жасап жүр. Мұнда бір-бірімен коллаборация жасалып, бірінің ұнын екіншісі пайдаланады. Осылайша кәсіби шеберлік пен нарықтағы бәсекелестік дамиды, – деді ол.

Ляна Тұрсынова атап өткендей, мұндай кәсіби, салалық шаралар қатысушылардың шеберлігін шыңдап, сапаны арттыруға ықпал етеді.

– Бұл жолғы көрмеге 35 жергілікті кондитер қатысып отыр. Олардың ішінде кәсіпті енді бастап жатқан жас қыз-келіншектер де бар. Көрмені кәсіпкер әйелдер бір-бірінің өнімдерін көрсін, тәжірибе алмассын, кәсіби деңгейін арттырсын, өссін деген мақсатта ұйымдастырдық. Шыңғырлау, Ақжайық, Сырым, Теректі аудандарынан келген қатысушылар да бар. Біздің өңірде осындай өнімдерді көрсетуге, сатуға арналған алаңдар аздау болғандықтан жәрмеңке ұйымдастырдық. Қатысушылар бүгінгі іс-шараға әсем безендірілген танымал бенто-торттар, карамельден жасалған мүсіндер, қолөнер кәмпиттері, пайдалы зефирлер және әртүрлі пішін мен дәмдегі шоколадтарын әкелген. Өзім де тәтті жасаумен алты жылдан бері айналысып келемін. Бастапқыда үйде ғана жасап, тапсырыс қабылдайтынбыз, ал қазір кәсібімізді кеңейтіп отырмыз. Мұндай іс-шаралар бізге бір-біріміздің көруге, кәсіби шеберлікті шыңдауға, өз өніміміздің сапасын тексеруге мүмкіндік береді. Көрмелер – тек сатылым емес, тәжірибе алмасу, дамудың керемет алаңы, – дейді көрме-жәрмеңкені ұйымдастырушылардың бірі, «Тәттіме» жеке кәсібінің иесі Шолпан Құспаева **(суретте)**.

Келушілер әр үстелдің маңына тоқтап, өнімнің сапасын тамашалап, таңдау жасап жүр.

– Табиғи ашытқымен нан пісірумен айналысып жүргеніме бір жылдай болды. Күнделікті жеп жүрген нанымыздың құрамын зерттей келе осындай шешімге келдім. Кішігірім наубайханамызда екі түрлі нан дайындаймыз. Бұл нанның пайдасы өте көп, әсіресе, асқазанына, микрофлорасына көңіл бөлетіндерге, жүрек-қан тамырларының ауруына шалдыққандарға өте қолайлы. Өйткені қорытылуы жеңіл, құрамында сүт қышқылы бактериялары бар болғандықтан, асқазанда ауырлық сезімін тудырмайды. Дүкен сөрелеріне нанды балғын күйінде жеткізу үшін біз оны бір тәулік бұрын пісіріп бастаймыз. Нандарымыз таңғы сағат 5-тен бастап піседі де, қала бойынша 16 нүктеге ыстық, жаңа піскен күйінде жеткізіледі. Әдеттегі наннан қымбат болу себебі – ұзақ дайындалады, әрі бұл толығымен қолөнер наны. Тек ашытқысының дайындалуына сегіз сағат уақыт кетеді, – дейді «Көркем нан» жеке кәсібінің иесі Айкөркем Сайлау **(суретте)**.



Жәрмеңкеге қала тұрғыны – сексен жастағы Меруерт әжеміз де **(суретте)** келген.

– Көрісу күніне орай осындай тамаша іс-шара өтіп жатқанына өте қуаныштымын. Қандай керемет! Әр үстелде сан түрлі торт, неше түрлі тәттілер, кәмпиттер... Таңдай қағып қарап жүрмін. Мұндай көрмелер жастарға ұлттық дәстүрді сезіндіру үшін де керек, – дейді кейуана жылылықпен.

Биылғы «хит» тәттілер – артдесерттер келушілердің ерекше қызығушылығын тудырды. Шеберлік пен заманауи кондитерлік өнердің үйлесімділігін көрсеткен бұл тәттілерді Данагүл Сабырғалиева **(суретте)** жасайды.

– Мен осы кондитерлік салаға 2017 жылы аяқ бастым. Бәрі бала күтімімен демалыста отырған кезден басталды. Алдымен торт жасап, сатумен айналыстым. Қазір сұранысқа ие арт-десерттерді дайындаймын. Бұл тәттілерді жасау технологиясын 2025 жылы Астана қаласында үйреніп, тәжірибе жинадым. Қай температурада, қандай құрамда, қандай формада жасау керегін дәл білдім. Бір рет машықтанып алсаң, әрі қарай қиын емес. Бұл тәттілерді шоколадпен қаптамай тұрған күйінде мұздатқышта екі айдай сақтауға болады. Сұраныс өте жоғары. Мысалы, Халықаралық әйелдер мерекесіне дайындап үлгере алмай, сіңлілерімді көмекке шақырдым. Қазір де кофеханалар хабарласып, тапсырыс беріп жатыр. Барлығын үйден жасап, үйден жеткіземін. Бүгінгі көрмеге осындай ерекше тәттілерді әкелейін деп шештім, – дейді Дана Серікқызы.

«Тәтті-fest» көрме-жәрмеңкесі өз алдына нағыз шығармашылық алаңға айналып, өңір кондитерлерінің шеберлігі мен идеяларының байлығын паш етті. Келушілер үшін бұл тек дәмді өнімдерден ләззат алу ғана емес, сонымен қатар тәтті өнердің заманауи бағыттары мен ұлттық дәстүрдің үйлесімін тамашалайтын таптырмас мүмкіндік болды.

Жанерке МЕРЕКЕҚЫЗЫ,
«Орал өңірі»

20 наурыз – «Ұлттық спорт» күні

Наурыз

ДӘСТҮР ДӘНЕГІ

Өңірімізде атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық ойындар мен спорт түрлері жүйелі түрде дамуда. Жас ұрпақтың бойында елжандылық пен намысшылдық қасиеттерді қалыптастыруға айрықша көңіл бөлініп келеді.

Осы бағыттағы жұмысты облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі өз мойнына алды. Жүйелі түрде жолға қойылған жұмыстың арқасында мектеп спортшылары биыл да толайым табысқа қол жеткізеді деген үміттеміз. Қазірдің өзінде қазақ күресі шеберлерінің жетістігі мол. Атап айтсақ, палуан қыз Айсұлу Сәрсенова 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы Қазақстан шемпионатының жеңімпазы атанса, жоғары оқу орындары арасындағы универсиадада күміс жүлде иеленді. Ал Эльнар Жанболатұлы түрлі деңгейдегі жарыстарда, соның ішінде Әлем кубогінде жүлделі орындарға ие болып, тұрақты нәтижесімен ерекшеленді. Одан бөлек Айбатыр Мираза, Дарья Забильская, Сабина Құлымбетова сынды спортшылар ел шемпионаттарында жүлделі орындардан көрініп, ұлттық күрес мектебінің әлеуетін айқындай түсті.

Тоғызқұмалақтан да өңір намысын қорғаған жастар халықаралық және республикалық додаларда топ жарды. Самира Оразмұханбед Чехияның Пардубице қаласында өткен әлем шемпионатында жеңіске жетсе, Мөлдір Батуллина мен Альбина Ешмұқан Азия шемпионатында ел мерейін үстем етті. Сондай-ақ Бекнұр Серік, Нұрдәулет Галлемов, Ақжан Қанатов және басқа да спортшылар командалық және жеке сындарда жоғары нәтижелер көрсетті.

Дәстүрлі садақ ату мен жамбы атуда да жас мергендер табысты өнер көрсетті. Гүлхан Тезекбаева мен Аружан Ықсан халықаралық және республикалық жарыстарда жеңіс тұғырынан көрініп, ұлттық мергендік өнердің өрісін кеңейтті. Ал теңге ілу спортында Бекнұр Серіков Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпазы атанып, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын иеленді.

Облыстың жас көкпаршылары Қазақстан шемпионатында тартысты ойын көрсетіп, төртінші орынға табан тіреді. Ал бәйге түрлерінен Баян Арнұр мен Жігер Бекболатұлы сынды шабандоздар республикалық жарыстарда топ жарып, ұлттық ат спортының дамуына серпін берді.

Жалпы, өңірде көкпар, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату, бәйге, сондай-ақ дәстүрлі садақ ату, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, асық ату сынды ұлттық спорт түрлері кеңінен дамып келеді. Бұл – ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, салт-дәстүр сабақтастығын сақтаудың нақты көрінісі.

Ұлттық спорттағы осындай жарқын жетістіктер – ел ертеңі саналатын жас буынның қайсар рухы мен табанды еңбегінің жемісі.

Арал БОЛПЫШҰЛЫ

Атбегі

Қазақ халқы үшін жылқы – тек көлік не мал ғана емес, ұлттық болмыстың ажырамас бөлігі. Төрт түліктің төресі саналатын қылқұйрық ер-азаматтың сенімді серігі болған. «Ат – ер қанаты» деген нақыл сөздің өзі халқымыздың жылқыға деген айрықша құрметін аңғартады. Сондықтан жүйрік ат баптау, бәйгеге жарату – қазақ үшін ежелден қалыптасқан ерекше өнер.

Бүгінде заман өзгеріп, тұрмыс жаңарғанымен, ата-бабадан жеткен осы дәстүрді жалғастырып жүрген азаматтар көп. Солардың бірі – Бөрлі ауданының Бумакөл ауылында тұратын атбегі Серік Төлепбергенов. Ол жылқы өсіруді кәсіп қана емес, атадан мирас болған аманат деп санайды.

Серік Төлепбергенов бала күнінен жылқының жанында өсті. Әкесінің қасынан қалмай, ат баптау мен бәйгеге жарату ісін көріп-білген ол бүгінде осы саланы өмірінің бір бөлшегіне айналдырған.

– Қазақ пен жылқыны бірбірінен бөліп қарау мүмкін емес. Атқа мінбеген, тақымын нықтамаған қазақты нағыз қазақ деу қиын. Жылқы – таза, қасиетті жануар. Қазіргі кезде шаруашылығымызда жүзге жуық жылқы бар. Оның ішінде таза қанды жүйріктер де кездеседі. Жылқыларды Дағыстан, Татарстан және көршілес Ресейден алып келдік. Соның нәтижесінде асыл тұқымды құлындар өсіріп отырмыз, – дейді ол.

Бүгінде «Бума» шаруа қожалығының негізгі мақсаты – жылқы өсіру мен жүйріктерді бәйгеге қосу. Шаруашылықтың жұмысын Серік ағамыздың ұлы Олжас жалғастырып келеді. Әке жолын қуған Олжас та бала кезінен ат үстінде өскен. Біраз бәйгеде шабандоз болып, жүлделі орындарды иеленген.

– Алғаш рет 2008 жылы Ақсай қаласында өткен аламан бәйгеге «Ежик» атты жүйрікпен қатысып, бірінші орын алғанымыз әлі күнге дейін есімде. Сол жеңіс менің өмірімде ерекше әсер қалдырды. Содан кейін жылқыға деген қызығушылығым бұрынғыдан да арта түсті. Мектеп оқушыларын дайындап, шабандоз ретінде бәйгеге қосып жүрміз, – дейді Олжас. Бұл – атакәсіптің үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқанының айқын көрінісі.

ЖҮЙРІКТІҢ БАБЫ БӨЛЕК

Ат баптау – тек жем-шөп берумен шектелмейтін күрделі іс. Әр жүйріктің бабын табу үлкен тәжірибе мен төзімділікті қажет етеді.

– Бәйгеге шабатын аттардың күтімі ерекше. Жем-шөбінен бөлек көкөніс, жеміс, құрғақ сүт, кейде табиғи бал береміз. Бұл жылқының күш-қуатын арттырып, бабын келтіреді. Ат баптау оңай емес, бірақ адам шын ықыласпен кіріссе, қиындықтың бәрі артта қалады. Оның үстіне атқа міну денсаулыққа да пайдалы, – дейді ол.

Жүйріктердің атаулары да өзінше бір тарих. Ат сатып алғанда олардың арнайы құжатында ата-тегі толық көрсетіледі. Сол құжатқа және жылқының сыртқы ерекшелігіне қарай ат қойылады. Мәселен, маңдайы мен төрт аяғында ақ белгісі болса, «Бесқасқа» деп атау беріледі. Ал Серік пен Олжас баптаған жүйріктердің арасында «Ерке қыз», «Құлагер», «Алмасхан», «Паутина», «Смелый» атанғандары бар.

– Бабы келген жүйріктерім жүлдесіз қайтқан емес. Облыстық, республикалық бәйгелерде топ жарып жүрген сәйгүліктеріміз бар. Қазір де алдағы жарыстарға дайындық жүріп жатыр. Екі тай мен екі аламан жүйрігін жаратып жатырмыз, – дейді Олжас.

ҰЛТТЫҚ МҰРА – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Атбегілер үшін бәйге тек жарыс емес, ұлттық рухтың көрінісі. Сондықтан олар үшін ең бастысы – жүйріктің мәреге бірінші болып келуі.

– Мен үшін бәйге – бизнес емес. Бұл – қанымызда бар қасиет. Біздің мақсатымыз ата-бабадан қалған дәстүрді ұрпаққа жеткізу, – дейді атбегі.

Расымен де, қазақ халқы үшін жылқы – тарихтың, мәдениеттің және еркіндіктің символы. Көшпелі заманда халықтың сенімді серігі болған жылқы бүгін де өз қадірін жоғалтқан жоқ.

Халық даналығында: «Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек, жүйрікте де жүйрік бар, қазанаты бір бөлек» деген сөз бар. Демек, ел ішінде ат баптап, жүйрік жаратып жүрген азаматтардың еңбегі қашанда құрметке лайық.

Қалай десек те, азаматқа ат баптаған жарасады.

Сәнім МЕҢДІБАЙ, Бөрлі ауданы

Ассамблеядағы Амал мерекесі

Көктемнің шуағымен бірге жүректерді жылытып келетін Амал мерекесі биыл Орал қаласындағы Достық үйінде сән-салтанатымен атап өтілді. Іс-шараны «Ағайын» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Гүлжанар Шөкеева өз сөзінде бұл күннің «Наурызнама» онкүндігінің бастамасы екенін атап өтті.

Сахна шымылдығын түрген «Көрісу – көңілдің көктемі» атты көрініс көптің көңілін бірден баурап алды. Қазақы үйдің ішкі көрінісі, жайылған дастарқан, әженің мейірімге толы дауысы – бәрі шынайы өмірден алынғандай әсер қалдырды. Әже мен немеренің арасындағы диалог арқылы көрерменге Амал мерекесінің мәні терең жеткізілді.

Кештің көркем бөлігі концерттік бағдарламаға ұласты. Әсем ән мен күмбірлеген күй көрермен көңілін одан әрі тербетті. Қоғамдық бірлестік мүшелері – Аяна Қажымова мен Марина Биғалиева құйқылжыта ән шырқап, «Жігер» ансамблі Абдулхамит Райымбергеновтің күйін нақышына келтіре орындады. Ал әжелер ансамблі халық әндерін әуелетіп, мерекенің көрігін қыздырды.

– Бұл іс-шара «Наурызнама» онкүндігі аясында өтіп жатыр. Осындай шуақты, шырайлы мереке жаңа жылдың басы болып есептеледі. Бұл күн – жай күн емес. Қыстан аман шыққан жұрттың бір-бірімен қауышып, өкпе-реснішті ұмытып, «Бір жасыңмен!» деп құшақтасуы – халқымыздың кең пейілі мен дархан көңілінің айғағы. Жастар үлкендерге сәлем беріп, қариялардың батасын алады. Халқымыз ежелден осындай ғұрыптар арқылы бауырмалдық пен жанашырлықты, татулық пен мейірімділікті дәріптеп, ұрпақтың бойына асыл қасиеттерді сіңіре білген, – деді облыстық «Ағайын» қазақ мәдени қоғамдық бірлестігінің төрағасы Арман Биғалиев.

– Жыл сайын тойланатын бұл Амал мерекесінің мәні өте зор. Бұл күні ел-жұрт болып жиналып, бір-біріміздің шаңырағымызға барып көрісіп, құшақтасып жатамыз. Жүректерді жақындастыратын, реніш пен өкпені ұмыттыратын, ұрпаққа дәстүрді жеткізетін қасиетті сәт. Біз әр келген қонақты жылылықпен қарсы алып, дастарқанды мол етіп жайып, бір-бірімізге ізгі тілектер айтып, «Бір жасыңмен!» деп амандасу арқылы ғана осы мерекенің шынайы мәнін сақтай аламыз, – деген 85 жастағы абыз ақсақал Сұлтан Хамидоллин жиналған жұртқа ақ батасын берді.

Салт-дәстүр сабақтастығы

Жуырда Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың тарихи-этнографиялық музейінде «Қош келдің, әз Наурыз!» атты мерекелік іс-шара өтті. Аталмыш іс-шараны «Наурызнама» онкүндігі аясында «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күніне орай қалалық мәдени-ағарту бірлестігіне қарасты «Өркен» комьюнити орталығы мен аталмыш университет жанындағы музей бірлесіп ұйымдастырды.

– Шетсіз-шексіз сайын даланы мекендеген қазақ халқы наурыз айында қыстың қақаған аязынан аман шыққанына шүкір айтып, бір-бірімен көрісіп, арқа-жарқа болатын көктемнің ерекше мерекесін қарсы алады. Наурыз – біздің тарихымыздың, салт-дәстүріміздің, ұлттық болмысымыздың айқын көрінісі. Бүгінгідей іс-шараны ұйымдастырып, ұрпаққа үлгі боларлықтай салт-дәстүрді жаңғыртқандарыңызға, түсіндіргендеріңізге мың алғыс. Жер-әлемге шуағын төгіп, тіршілікті түлетіп келетін әз Наурыз құтты болсын! – деді облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Нұржан Дүзбатыр.

Одан кейін Орал қалалық мәслихатының депутаты Ақылбек Сұлтанов, Деркөл кенті әкімінің орынбасары Роман Жумиев және «Мәдени-ағарту бірлестігі» әдістемелік бөлімінің басшысы Анаргүл Бимұханова жиналған қауымды құттықтады.

– Бұл мерекелік іс-шараның негізгі мақсаты – халқымыздың салт-дәстүрлерін жаңғыртып, оны кейінгі ұрпақтың бойына сіңіру. Осы бағытта «Өркен» комьюнити орталығынан арнайы «Шежіре» ата-әжелер ансамблі келіп отыр. Бүгін әжелеріміз ұршықтың тарихын тереңінен таныстырып, оның қалай иірілетінін іс жүзінде көрсетуде. Жалпы біздің орталықта алты үйірме жұмыс істейді. Соның ішінде «Шежіре» ансамблі, «Алтын сақа», тоғызқұмалақ, вокал үйірмелері, сондай-ақ «Күмбірлі қасықтар» ансамблі бар, – деді «Өркен» комьюнити орталығының меңгерушісі Айнұр Дәулетова.

Іс-шара мазмұнды әрі тағылымды үш бөлімнен тұрды. Алғашқы бөлімде қатысушылар «Ұршық – ұрпақ жалғаған өнер» атты ауторлық көрмеге саяхат жасап, қазақтың қолөнеріндегі ұрпақ сабақтастығын айқын сезінді. Экскурсия барысында әр бұйымның тарихы тарқатылып, оның терең мәні түсіндірілді. Екінші бөлімде ұлттық нақыштағы тағамдар мен көрмелер ұсынылып, қазақтың дәстүрлі ойындары – асық ату мен тоғызқұмалақ ойнатылды. Бұл сәттер көпшілікке ерекше әсер сыйлап, ұлттық болмысқа деген қызығушылықты арттыра түсті. Ал үшінші бөлімде концерттік бағдарлама ұсынылып, ән мен күй, би мен дәстүр үндескен әсерлі көріністер көрерменге жол тартты.

Материалдарды дайындаған
Ерке МЕРЕКЕ,
Орал қаласы

Мәди САЛЫҚ

www.zhaikpress.kz

Ұлттық аспаптардың ұстасы

Ғасырлардан жеткен дәстүрлі қолөнерді көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманат етіп келе жатқан ұста-шеберлердің еңбегі зор. Әсіресе, ұлттық аспап жасайтын шеберлер өткен мен келешектің арасын жалғап, рухани мұрамызды жаңғыртуда ерекше рөл атқарады. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында белгілі ұста Аслан Серікбаймен сұхбаттастық.

Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі

Кейіпкер 1978 жылы Казталов ауданындағы Қошанкөл ауылында дүние есігін ашқан. Кейін әкесі Серікбай жұмыс бабымен аталған ауданның Бостандық ауылына көшіп, бала Аслан осындағы орта мектепке қадам басады. Ес біліп, есейген шағы Бостандықта өтіп, ондағы білім ұясын тәмамдайды. 1996 жылы Орал қаласындағы Дәулеткерей атындағы өнер институтына оқуға түседі. Сөйтіп, 2000 жылы институттың Сәндік қолданбалы өнер бөлімін үздік аяқтайды. Содан бері ол 22 жылға жуық Құрманғазы атындағы саз колледжінде оқытушы болып еңбек етіп, жас өрендерді ұлттық өнерге баулып келеді.

– Студенттердің сәндік қолөнерге қызығушылығын арттырып, оларға ағашты көркем өңдеу, мүсіндеу және терімен жұмыс істеу тәсілдерін үйретемін. Бірақ менің бірден домбыра жасауға деген тәжірибем жеткіліксіз еді. Осы орайда колледжде аспап жасау жөніндегі шебер әрі ауылдас ағам Бақтыгерей Сүлейменовтің көп көмегі тиді. Ол мені жанына ертіп жүріп, домбыра жасаудың қыр-сырын ұғындырды. Бақтыгерей ағаның ақылын тыңдап, арқа сүйей жүріп, домбыра бөліктерін жасай бастадым. Бірде ол: «Аслан, сен ағашпен жұмыс істеуді біртіндеп меңгеріп келе жатсың. Осы күнге дейін шаруамды ширатып, қолғабыс болдың. Енді домбыраны өз бетіңше жасайтын да кез жетті. Мен саған ағаш материалдарын берейін. Жасаған домбыраны кейін маған көрсетерсің» деп айтқан. Бақтыгерей ағайға шапшаң екенімді дәлелдеймін деп, домбыраны асығыс-үсігіс жасап көрсеттім. Сол кезде ол қатты қуанып, «Сен мұнымен тоқтама, жасай түс, сенен мықты шебер шығады» деп мақтап, жігерімді жани түскен. Қазір ойлап отырсам, сол жасаған домбырамның кемкетік тұсы көп болған екен. Бірақ тауымды қайтармай, қайта әркез қайратыма дем беріп, аспап жасаудың «әліппесін» үйреткен ағамның бар жақсылығын ұмытпаймын. Бақтыгерей аға қазір зейнетте, менің осы салада жұлдызым жанса, сол кісінің берген батасы мен тәлімінің нәтижесі деп білемін», – дейді шебер.

Серікбайдың Асланын ұсталыққа Бақтыгерей ұстазы баулығаны рас. Бірақ оның түп ата-бабасы да бұл өнерден алыс емес екен. Мәселен, атасы Сатудың есімі елге жақсы таныс. Ол құлпытас құйып, түрлі бұйым мен тұрмыстық заттар жасаумен айналысқан қолөнерші болған. Арғы ата-бабаларының құлпытастарын қайта жаңғыртып, бүгінгі ұрпағына аманат етіп жеткізген жан. Жанұяда әкесі мен анасы бала Асланның бойына өнер отын жағып, өздері де үлгі болған.

– Әкем Серікбай үйірме сабақтарға қатыспаса да, домбыраны нақышына келтіре тартатын. Белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Сағит Садықов аудандағы өнерпаздарды жиып, оркестр құрған. Әкем оркестр құрамында домбырашы болып, талай сахнада күй тартып, шығармалар орындаған. Анам Шәрбану – кітапханашы. Анам ән шырқағанда оның сыңғырлаған үні жүректі ерекше сезімге бөлейді, жұртшылық та сүйсіне тыңдауға құмар. Осындай отбасыда тәрбие алып, ержеткен мен қалай өнерден алыс боламын, – дейді шебер.

Ұстаздық пен ұсталықтың жолын ұштастырған Серікбайұлы кішкентай кезінде суретші болуды армандаған. Өсе келе салған суретін саз балшықтан мүсіндей бастаған. Өкініштісі, балалықта балшықтан қалыптап жасаған дүниесінің есебі болмаса да, қазір «Шіркін-ай!» деп еске алатын олардың ешбіреуі сақталмаған екен. Бірақ бала күнінде әкесі сый еткен қысқышы қазір шеберханасында, әлі де жұмысқа жарап тұр.

Шебердің жұмыс бөлмесінде қабырғада ілулі тұрған қобызды көрдік. Бізге жуырда жасалғандай көрінген. Алайда оның жасалғанына да биыл 15 жыл тола келіпті. Аслан қобызын қолға алып, біраз «күңіренте» шалып, былайша сыр ақтарды.

– Қылқобыз бен домбыра – қазақтың бренді. Бұл екі аспапты жасау кім көрінгеннің қолынан келе бермейді. Қобыз – тұтас томар ағаштан шабылады. Ол бөліктерден құралып жасалмайды. Қобызды жасайтын томарды кемінде үш немесе жеті жыл сақтаймын. Бірқалыпты, табиғи жолмен кепкен ағаш өте берік әрі ұзақ уақытқа дейін сақталады. Ғасырлар өтсе де, өзінің сырлы сазын жоғалтпай, бабында тұрады. Шеберханамда ілулі тұрған қобызды 2011 жылы жасап біттім. Оған ешқандай химиялық материал қосылмады. Шанағына түйенің қолтық терісі салынды. Түйе терісінің дәл осы бөлігі жұқа келеді. Оның жүнін жиделеп алып тастап, керекті мөлшерге дейін жұқарғасын, ашытқымен өңдедім. Қобыздың негізгі дыбысын өткізетін тұсы осы теріге байланысты болмақ. Ішегі жылқының құйрығынан жасалады. Жылқы дегенде де кез келгені емес, бесті айғырдың құйрық қылы ғана жарамды. Мен қасапшыларға «Жылқыны бауыздамас бұрын, құйрығын кесіп алыңыздаршы» деп жиі қолқа саламын. Себебі сойылған жылқының құйрығындағы күш те, қуат та ыдырап кетеді деп естіген едім. Көп жыл махаббатпен еңбектеніп жасаған аспабым ғой, асты-үстіме түсіп сұраған ақшасын да алмай, тек көрмеге қоюмен ғана шектелетінмін. Осы жақында ғана өзім өнерін құрмет тұтатын, кісілігі де, кішілігі де ерек суретші ағама сыйлыққа бердім, – деп аспап жасауға қабілетке қоса шыдамдылық та қажет екенін ұғындырды.

Аслан ұстаның аспаптары халықаралық, республикалық көрмелерге шығып, конкурстарда жұлдызы оңынан жанып жүр. Әсіресе, батыстың үлгісіндегі «Қозықұйрық домбыраға» өзге өңірдегілер қызыға қарайды екен. Мұндай пішіндес домбыраны Құрманғазы бабамыз бен Дина апамыз тартқан және соның нақ үлгісі. Домбыраға тапсырыс берушілердің қатары көп болғаны соншалық, мұхиттың арғы бетінен де сұрататын көрінеді.

– Музыкалық мектептер домбыраға жиі тапсырыс береді. Домбыра баланың жас ерекшелігі мен дене бітіміне сай шіңкілдек, балақай, балдырған секілді түрлерден тұрады. Әуезіне қарай сан қилы стильге бөлінеді. Біздің өңіріміз бойынша белгілі жыршы-термеші ағаларымыз Серік Әбідрахманов, Фархат Оразов секілді ұлттық өнердің майталмандары мен жасаған домбырамен сахнаға шығып жүр. Олар тыңдарман алғысына бөленсе, менің де мерейім артып қалады. Басқа мемлекеттерден келген адамдар да домбыраны естелік ретінде алып жатады. Бірақ кей әуе компанияларының ережесі бойынша домбыра ұшақтың ішіне емес, борт багажына қабылдануы тиіс екен. Тиелген жүк арасында аспаптың сынуы әбден мүмкін. Асқар Кенжеғалиев есімді домбырашы бауырымыз бар. Америкадағы балаларға бір жыл домбыра тартып үйретіп, дәріс берді. Содан кейін Америкадан келген тапсырыс ағыны күшейіп кетті. Одан бөлек, өзге мемлекеттерден де сұраныс болды.

Мәди САЛЫҚ

Қазір заманауи құрылғылардың дәуірі жүріп тұр. Домбыра жасайтын да небір-небір құрылғылар бар. Қол жұмысы да жеңілдеді. Домбыра бағасы бүгінде қолжетімді. Сатып алып үйренемін дегенге үйірме көп. Нарықтағы баға бойынша балалар домбырасы 25 мың теңгеден басталады. Ең қымбаты – 600 мың теңге. Сапалы домбыра жасауға пайдаланатын права, полисандра, бұйра қайың, үйеңкі ағаштары біздің өңірде таптырмайды. Жеке өзім Алматы қаласынан немесе Ресей мемлекетінен тапсырыспен алдырамын, – дейді шебер.

Аслан Серікбайұлының колледжде оқытушы бола жүргеніне де 20 жылдан асты деп жоғарыда айттық. Қазір шәкірттері де бір-бір шеберге айналған. Мәселен, оның ішінде жалпақталдық Мадияр Сайранов пен ақжайықтық Досжан Бижановты атап өтуге болады. Кейіпкеріміз – ұлағатты ұстаз, шебер ұста ғана емес, жанұяда адал жар, ардақты әке. Осы күнде төрт перзенті бар. Үлкені Астана қаласында инженер көрінеді. Ал кіші баласы Расул қазір жетінші сыныпта оқиды. Ол әкесі секілді ұсталық жолды таңдағысы келетін секілді. Жасөспірімнің сурет салуға, бұйым жасауға ынтапейілі зор. Жақында домбыра тартып үйренемін деп «Тұмарым» үйірмесіне жазылып, оған қалмай барып жүр. Әкесі Аслан «Ұлым домбыраны жетік меңгерген соң ғана шеберханаға кіргіземін. Себебі домбыраны тарту білмейтін адам оны сезіммен жасай алмайды» дейді. Аслан Серікбайұлының ең жақсы көретін мерекелерінің бірі – Наурыз мейрамы көрінеді. Ендеше, шеберді халқымыздың ұлық мейрамымен құттықтап қоялық...



Қазақы этностильдегі әшекей қазір трендте. Қызыға да қызғана қарайтындардың нөпірі қалың. Әлемге әйгілі брендтердің де этностильге көз тіккені әлеужеліде жарыса жазылуда. Бұл – қазақ халқы үшін бір саты биік белес. Қазір талғам бөлек. Шетелдің жылтыраған дүниесінен гөрі заманауи әшекей бұйымдар кең өріс алып келеді. Соның бірі әрі бірегейі – этностильдегі әшекейлер. Бұрын тек Наурыз мейрамында тағылатын әшекейлер, қазір күнделікті қолданыста. Бұл – еліміз үшін жақсы үрдіс.

Этноәшекей – нәзік нақыш

Биік талғам мен ерекше дизайн үлгісімен үндескен өнер қыз-келіншектер қауымын таңдай қақтырмай қоймайды. Әсемдікке жаны құмар нәзік жандардың осал тұсы әшекей бұйым болса керек-ті. Ендеше, бұл мақала көздің жауын алатын, асыл тастардан бағалы бұйым жасайтын Нұргүл Тұрмұханбетованың туындылары жайлы болмақ.

Нұргүл Мұхатқызы 1994 жылы 10 маусымда жарық дүниеге көрінді. Кіндік кескен, өсіп-өнген туған жері – Сырым ауданының Қосарал ауылы. Әшекей таққанды жаны сүйетін жас шебер осы салаға келу үшін біраз ізденді. Инстаграм желісінен қызықтап, ютубтан шағын бейнеүзіктерді тамашалап, қызығушылығы одан сайын арта түседі. Кәсіптің аламанына әшекей шебері ойламаған жерден келді десек те, артық айтпаған болар едік.

– Қолөнерге, әшекейге деген талғамым бөлек. Алтын бұйымдарды таққанды аса ұната бермеймін. Себебі көп алтынның дизайн ерекшелігі де, өзектілігі де кей жағдайда ескірген. Ал қолдан жасалған әшекейлер сәнді әрі ерекше.

Алғашқыда әшекейге қатысты инстаграм парақшаларын шолып шығатынмын. Сол кезде Оралдағы Айнұр Исмағұлованың жасаған дүниесіне қызығып, өзіме, туыстарыма сыйлық ретінде сатып алдым. Сыйлыққа ұялмай беруге таптырмас дүние дер едім. Кейін ешнәрсе тегіннен тегін болмайтынын түсініп, тым болмаса өзіме жасап үйренейінші, өзім тағайыншы деп ақылы курс іздедім. Өскеменнің Мөлдір атты шеберінен онлайн сабақ сатып алып, бір сағат ішінде әшекейді жасадым. Одан беріректе ізденісім де, көрген-түйгенім де бар. Әшекейге қажет табиғи және маржан тастар, моншақтар, майыстыратын, бір-біріне жалғап, ілетін құралдары туралы біраз ақпарат жинағанмын. Бәрі үйлесіп, «Көз қорқақ, қол батыр» дей келе, алғашқы туындымды іске асырдым. Кейін неге кәсіп қылмасқа деп бел будым. Алғашқыда табиғи тастармен моншақ, сырға жасап, кейін этностильді әшекей жасауға мамандандым. Болашақта өз туындыларымды брендке айналдырғым келеді, – дейді әшекей шебері Нұргүл Тұрмұханбетова.

Трендтегі әшекей бұйымды жасау ізденісті талап етеді. Кейіпкеріміздің қолөнер бұйымдары бірінен-бірі асып, қайталанбас үлгісімен ерекшеленеді. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі өрнектелген әшекей бұйым кез келген арудың ажарын ашып, сұлулығына сән қосары сөзсіз. Бұл дегеніміз – әуелі көркіне көрік қосады, кейін ұлттық тәрбиені меңзейді.

– Әшекей топтамасына бірнеше атау бердім. Жаз мезгіліне қатысты «Жазғытұры», «Қыр гүлдері», ал көктемге қатысты «Көктем шуағы» атты топтамалар жиынтығы бар. Әзірге осы атаулар ғана, болашақта әрбіріне жеке атау беру ойымда бар.

Әшекей бұйымдарды дайындау мерзімі әртүрлі. Мысалы, сырғаға бір-екі сағат, алқаларға екі жарым сағат, ұзын алқаға (сотуар) тапсырысқа байланысты (адам бойына сәйкес жасалады, мысалы, 90 см, 120 см) бес сағат уақытым кетеді. Олардың құны жасалу уақыты мен материалына қарай бағаланады. Орташа бағасы 5000 теңгеден бастап, 30 000 теңгеге дейінгі аралықта. Әшекейге жоғары сападағы (люкс сапа) ұсақ және әдемілікке сән беретін бөлшектерді (фурнитура) қолданамын. Табиғи тастар, чех хрусталі мен маржан тастарды, жоғары сападағы латунь металды қолданамын. Бұл металл аллергиялық реакция бермейді, ұзақ уақыт суға тигізсеңіз де, қарайып кетпейді. Ал табиғи тастар өте әдемі көрінеді, басқалардан айырмашылығы түсі, түрі ерекше, көбі ұнатады. Тағы бір айта кететін дүние, әрбір тастың өз ерекшелігі бар, тіпті кейбір тастың емдік қасиеті де бар.

Алғаш өзіме жасаған әшекейімді әлеужеліге салған кезде қызығушылық білдіріп, сатып алғысы келгендер көп болды. Айналамдағы әпкелерім, жеңгелерім, құрбыларым қолдап, тапсырыс берді. Хобби ретінде саналған ісім қазір тұрақты табысыма айналды. Бүгінде шеберлік сыныбын (мастер класс) өткізіп тұрамын. Жақсы көріп жасайтын хоббиім әрі тұрақты кәсібім үлкен қадамдарға жол ашты, – дейді Нұргүл Мұхатқызы.

Әшекейге деген махаббаты ерекше Нұргүл болашақта өз шеберханасын ашуды армандайды. Тілектеспіз.

Гүлфия ҚОЛҒАНАТОВА,
«Орал өңірі»

Мәди САЛЫҚ

Бәйгеге шабу да өнер

Наурыз мейрамы қарсаңында Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық орталық әмбебап ғылыми кітапханада «Жылқы мәдениеті: дәстүр мен тағылым» атты танымдық этнографиялық кеш өтті.

Кітапхана төріндегі кештің мақсаты – қазақ халқының атқа міну мәдениетін таныту, жастарды атакәсіпті құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық ойындар мен ат спортын насихаттау. Іс-шара «Наурызнама» онкүндігі мен «Құндылыққа бағдар» атты жоба аясында ұйымдастырылды.

Қазақ халқы жылқыны ежелден «төрт түліктің төресі» деп ерекше қастерлеген. Сондай-ақ «Ер қанаты – ат» деп бағалаған қазақтар үшін жылқы жеті қазынаның бірі саналады. Кеш барысында осы ұғым-түсініктер терең айшықтала түсті. Себебі кеш қонақтары жылқы малымен біте қайнасып, кәсібімен ұлттық өнерді ұлықтауға үлес қосып жүрген жандар болды. Олар Қамбар ата түлігінің қасиеті, халық өмірінде алатын орны жөнінде ойларын айтты.

Теректі ауданының Табын ауылынан келген кәсіпкер, атбегі, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Әміржан Бекенов 15 жылдан бері жылқы шаруашылығымен айналысып жүр. Ол аттарды құлын кезінен баптап, бәйгелерге қосуда.

– Теректі ауданының Подстепный ауылында тұратын Ақылбек деген ініміздің шабандоз баласы Саян ата-анасының рұқсатымен біздің шаруашылыққа келіп тұрады. Әлихан деген ұлыммен тетелес. Екеуі қорадағы аттарды қарайды, мінеді, баптайды. Түрлі додаларға қатысады. Бағы мен бабы келіскен аттарымыз жүлделі орындар алып жүр. Арасында қалыс та қалады. Жылқының тілі жоқ, десе де оны түсіну керек. Жылқы – сезімтал жануар. Мінгі білетін жылқы адамның қорқып тұрғанын немесе сескенбейтінін сезеді. Шабандоз балаларды батыр деп айтуға тұрарлық. Себебі жылқыға қызығып жүрген жүз баланың оны ғана атқа шабады десем, артық айтқаным емес. Бәйгеге шабу да өнер. Ол да есеп-қисапты қажет етеді. Шабандоз аттың басын жіберіп қойып қана отырмайды. Мысалы, көлік жүргізушілері қай кезде тормоз басып, қай кезде тез жүру керектігін біледі. Сол сияқты шабандоз да аттың тізгінімен қалай жұмыс істеу керектігін білуі тиіс. Саян баламыз түрлі додаға қатысып, шемпион атанды. Алда талай бәйгеде топ жаруына тілекшімін. Елімізде ат спортының дамып жатқаны қуантады. Бүгінгі ұрпақ күндіз-түні телефонға телміргенше, қазағымыздың ұлттық өнерімен айналысқаны дұрыс, – деген атбегі жылқы баптау оңай жұмыс екенін атап өтті.

Кештің кішкентай қонағы болған Саян Айболат **(суретте)** – облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің бәйге бөлімінің спортшысы. Подстепный ауылындағы қазақ орта мектебінің 8-сыныбында оқиды. Облыста бірнеше рет жас үздік шабандоз атанған Саян алты жасында атқа отырып, сегіз жасында бәйгеге қатыса бастаған. «Мені атқа отыруға әкем үйретті. Мен әр жігіт ат құлағында ойнауы тиіс деп санаймын», – дейді ол. Шабандоз бала өнерден де құралақан емес. Ол домбыра тартып, күй шертеді. Жайық жүйрігі атанып жүрген жас өркен былтыр Бөрлі ауданының 90 жылдығына арналған торқалы тойда темір тұлпар ұтып алған.

Бұл кешке Саянның анасы Мақпал Орынбасарова да **(суретте)** қатысты. «Біз 2017 жылы ат әбзелдерін сатумен айналысатын отбасылық «Арғымақ» жеке кәсіпкерлігін аштық. Оған қоса малдәрігерлік дәріханамыз бар. Өзіміз ат әбзелдерін жасап, жылқы жабуын тігеміз. Жұбайым Ақылбек Дүйсенов жылқы өсіріп, бәйге аттарын баптайды. Ұлымыз Саян – шабандоз. Осылайша ат спортының, жылқы мәдениетінің дамуына үлес қосып жүрміз деп ойлаймын», – деді кәсіпкер.

Орал қаласындағы кәсіпкер, атбегі, «Нұр-Ер» ат спорты кешенінің құрылтайшысы, Орал қалалық мәслихатының депутаты Нұрболат Исмағұлов болса, көптеген ұлттық ойын жылқысыз өтпейтінін атап өтті. Ұлттық ат спортының орны ерекше екеніне тоқталды. Мәселен, жамбы ату, көкпар, бәйге көрерменнің делебесін қоздырып, ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыра түседі. «Өзім алты жасымда атқа міндім. Біздің кешенде төрт жылдан бері жылқы өсіріп, ат жарытып келеміз. Түрлі додаларға бәйге аттарын қосып жүрміз», – деген кәсіпкер ат спорты кешенінің ел игілігі үшін қызмет етіп жатқанын айтты.

Танымдық этнографиялық кеш барысында әннен шашу шашылып, тақырыпқа сай интеллектуалды ойын ұйымдастырылды. Облыстық кітапхана директоры Шолпан Оразаева тұшымды әңгіме айтып, кештің мазмұнын ашқан қонақтарды алғысхатпен марапаттады.

«Құт, береке бастауы – Наурыз»

Жуырда Орал қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы мемориалдық музейде «Наурыз шапағаты» жалпыұлттық іс-шарасы аясында «Құт, береке бастауы – Наурыз» атты әдеби-сазды кеш өтті. Іс-шараға облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Нұржан Дүзбатыр, Орал қалалық ардагерлер клубы жанынан құрылған «Тағылым» тәрбие жұмысының мүшелері Жұмағали Нұғыманов, Света Мұғалбаева, Ақзайдаш Жазықбаева, Тұрсынай Жұмағазиева, музей қызметкерлері мен студенттер қатысты.

Жиналған жұрт бір-бірін мерекемен құттықтап, қыстан аман шыққанына шүкіршілік етті. Ұлттық киім киген кимешекті әжелеріміз іс-шараның ажарына көрік берді. Әз Наурыз қарсаңындағы әдеби-сазды басқосу ән-күймен көмкеріліп, қара өлеңмен өрілді.

– Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын! Елімізде 14-23 наурыз аралығында жалпыұлттық «Наурызнама» онкүндігі өтіп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл үрдісі – жай ғана мерекелік күнтізбе емес, ел бірлігі мен ұлттық дәстүрді насихаттауға, тарихи-мәдени мұраларды дәріптеуге бағытталған мәдени бастама, – деді Нұржан Наурызбайұлы.

Ел ішінде ұмыт бола бастаған «Тоқымқағар» дәстүрін Орал қалалық ардагерлер клубы жанынан құрылған «Тағылым» тәрбие жұмысының мүшелері келешек ұрпаққа көрініс түрінде көрсетіп, қайта жаңғыртты. Ата-әжелеріміз ән салып, қара өлеңді жатқа оқыды. Наурыздың сән-салтанатын келістіріп, іс-шараның шырайын аша түсті. Құрманғазы атындағы саз колледжінің студенттері күй тартып, келген қонақтар Наурыз көжеден, ұлттық тағамдардан ауыз тиді.

«Тазша бала» Stand UP кеші

«Наурызнама» онкүндігі аясында облыстық қоғамдық даму басқармасының қолдауымен және «Орал студенттер альянсы» корпоративтік қорының ұйымдастыруымен креативті кеш өтті.

Іс-шараның мақсаты – жастар арасындағы креативті кеңістікті қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды заманауи сипатта насихаттау. Сонымен қатар «Тазша бала» Stand UP кеші тапқырлық пен әзіл мәдениетін жаңа сипатта ұсынатын мәдени шығармашылық алаңға айналды.

Тазша бала – қазақ фольклорындағы тапқырлық пен даналықтың символына айналған кейіпкер. Әзіл кешіне облысымыздың және Ақтөбе, Атырау қалаларының Stand UP резиденттері қатысты. Сахна төріне шығып, көрермен қауымға заманауи әзіл мен ұлттық юмордың үйлесімін ұсынды.

Кеште қасиетті Рамазан айы, күні кеше елімізде өткен референдум жайы, ата-ана, балалық шақ, студенттік өмір тақырыбы туралы сөз болды. Көрермендермен кері байланыс жасап, әзіл алаңын одан сайын қыздыра түсті. Кеш соңында «Орал студенттер альянсы» корпоративтік қорының директоры Тасболат Серікқалиев сөз сөйледі. Әзіл әлемінің командасын жігерлендіру мақсатында облыстық қоғамдық даму басқармасы атынан 500 000 теңгелік сертификат табысталды.

Бет материалдарын дайындаған Айна ИМАШЕВА, Қолғанат ҚОЖЫМ, Орал қаласы

Көктем көрмесі

Наурыз

Наурыз мейрамына орай Орал қаласында «Дәстүр мен көктем үндестігі» атты қолөнершілер көрмесі өтуде. Аталмыш іс-шараны ұйымдастыруға қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Жастар мәдениет сарайы ұйытқы болған.

Көрменің ашылу салтанатында көрме залының директоры Ахмет Ғиниятов жиналған қауымды көктем мерекесімен құттықтап, ұлттық өнер мен дәстүрдің сабақтастығына тоқталды.

– Көктем – жаңару мен жасампаздықтың, ал Наурыз – береке мен бірліктің символы. Осындай мерейлі мезетте ұлттық өнеріміздің ұлықтайтын көрменің өтуі ерекше мәнге ие деп ойлаймын. Қазақ халқының қолөнері – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұра. Әрбір кесте, әрбір өрнек, әрбір зергерлік бұйым – халқымыздың тарихы мен дүниетанымынан сыр шертетін қазына. Бүгінгі көрмеде ұсынылған туындылар да сол бай мұрамыздың жалғасы, шеберлердің таланты мен еңбегінің айқын көрінісі, – деді ол.

Көрмеге өңірдің 16 қолөнершісі өз туындыларын қойған. Экспозицияда қазақтың дәстүрлі қолөнерінің сан алуан үлгісі топтастырылған. Атап айтқанда, құрақ көрпелер, кимешектер, киізден жасалған түрлі бұйымдар, текеметтер, сондай-ақ ұлттық нақышта жасалған әшекейлер келушілер назарына ұсынылған. Әрбір туындыдан шебердің қолтаңбасы мен ұлттық өнерге деген құрмет айқын сезіледі.

Көрмені ұйымдастырушы Гүлдана Мағзуованың айтуынша, бұл жолғы көрменің басты ерекшелігі – оның бір күнмен шектелмей, бір ай бойы жалғасуы. Бұған дейін қалада ұйымдастырылған көрме-жәрмеңкелер көбіне біркүндік сипатта өтетін.

– Наурыз айында адамдар ұлттық нақыштағы бұйымдарды көп іздейді ғой. Сол себепті халық іздеген дүниесін бір жерден таба алсын деген мақсатта көрмені бір айға жоспарладық. Жалпы, өзім де өнерден алыс емеспін. Негізгі мамандығым – әнші. Алайда бүгінде қолөнермен айналысып жүрмін. Оған себеп – әшекей-бұйымдарды өте жақсы көремін. Баяғыдан сынып қалған сырғалардан шашбау жасап, әртүрлі заттарды құрастырып жүретінмін. Бір сөзбен айтқанда, қолымнан келгенше әшекей жасап көруге қызығатынмын. Сөйтіп, 2017 жылы Алматы қаласына «Fashion House Kazakhstan» сән және дарын байқауына қатысуға бардым. Сол сапар менің өмірімдегі жаңа шығармашылық бағытқа жол ашты. Алматыдағы үлкен базарлардың бірінен әшекей жасауға арналған түрлі материалдарды көріп, бірден қызығып кеттім. Соларды сатып алып, Оралға алып келдім. Бірақ алғашында тек өзім үшін ғана жасап жүрдім. Ал 2019 жылдан бастап жасаған бұйымдарымды түрлі жәрмеңкелер мен көрмелерге шығара бастадым. Содан бері өңірдегі мәдени іс-шаралардан қалмауға тырысамын. Сонымен қатар ұлттық нақыштағы киімдер де тігіп, шығармашылық ізденісімді жалғастырып жүрмін. Көптен бері осылай қолөнершілердің басын қосып, көрме ұйымдастыру ойымда жүрген. Сол идеямның жүзеге асқанына қуаныштымын, – дейді ол.

Көрме бірнеше тақырыптық бөлімге бөлінген. «Жан жылуы» бөлімінде қыз-келіншектердің қолынан шыққан құрақ көрпелер, кестелі бұйымдар мен тұрмысқа қажетті сәндік дүниелер қойылған. «Дала сарыны» бөлімі шебер ер-азаматтардың қолтаңбасын танытады. Мұнда ағаштан жасалған тұрмыстық бұйымдар, ұлттық нақыштағы сәндік заттар мен саз аспаптары ұсынылған. Ал «Сұлулық әлемі» бөлімінде зергерлік өнер туындылары көздің жауын алады. Күміспен күптелген сырға, алқа, білезік секілді әшекейлер көктемдей құлпырып тұрған арулардың көркін аша түсердей әсер қалдырады.

Мәди САЛЫҚ

Келушілер бұйымдарды тамашалап қана қоймай, олардың жасалу тарихымен танысып, шеберлермен пікір алмасуға мүмкіндік алды.

Көктемнің шуағымен астасқан «Дәстүр мен көктем үндестігі» көрмесі қала тұрғындары мен қонақтары үшін наурыз айы бойы жұмыс істейді. Келем деушілерге Н. Назарбаев даңғылы 206/1 мекенжайындағы көрме залының есігі ашық.

Жан АЯТ,
Орал қаласы

Дже ізін жалғаған ісмер

Баяғы әжелердің сарқыты тәрізді қолына жүн алып, түтіп, жуып, көрпе жасап, қазақы тірліктің отын өшірмей жүрген аналарымыз бар. Бірақ қазір заман басқа, елдің көбісі сотка ұстап, экранға үңілген, бұрынғы әжелердің ізін жалғап отырғандар некен-саяқ. Әлбетте киіз басып, жүн түтіп, ауылдың ортасында шаруаға кірісіп отырған әжемізді көрсең, баяғы ауылдың иісі сезіледі. Сол ұмыт бола бастаған дәстүрдің сарқыты, міне, Шолпан Махатова.

Шолпан апа – Казталов ауданының құрметті азаматы, жерлес ақын Ұзақбай Мақатовтың қызы. Аудан бойынша ең алғаш жеке шаруа қожалығын құрған еңбек адамының бірі. Шолпан Ұзақбайқызы біраз жыл К. Меңдәлиев мектебінің кітапханашысы болып қызмет атқарды. Бүгінгі таңда «Шапағат» әжелер ансамблінің мүшесі бола жүріп, еңбекті дәріптеп келеді.

«Біз қойшының қызы болып өстік қой», – деп әңгімесін бастады Шолпан апа. «Бұрын ата-анам қой қырқып, жүнді Үкіметке престеп тонналап тапсыратын. Жүн біздің табысымыз, тірлігіміз, тірегіміз болатын. Анам өте шебер еді. Көрпені де, киізді де, оюын да өзі жасап шығаратын. Маған да соның бәрін үйретті. Сол бала кездегі еңбек көз алдымнан кетпейді».

Шолпан апаның да өмір жолы оңай болмаған. Енесі сырқаттанып, артынан 52 жасында өмірлік жары да ауыр дерттен дүниеден өтеді. Сол қиын кезеңде күнкөрістің, отбасының жауапкершілігі өз мойнына түскенде, қолына қайтадан жүн алған. Алматыдан арнайы жүн түтетін

машинка алдырып, көрпе жасауды кәсіпке айналдырған. «2017 жылдан бері тоқтаусыз жүн түтіп, көрпе жасап келемін. Жүн далада шіріп жатқанда жаның ашиды. Еңбек далаға кетпесін деп істеймін», – дейді ол.

Шолпан апаның қол қусырып отыратын күні жоқ. Жаз шықса, немере-жиендерін еңбекке баулып, жүн жуғызады, шоқайнасын жұлдырады. «Еңбек етсең емерсің» дегенді ұғып өскен ұрпақ екені бірден білінеді. Бүгінде жұбайы бастаған шаруа қожалығының жұмысын балалары жалғастыруда. Қызы Әлия – еңбек пәнінің мұғалімі, қазірде түрлі бұйымдар жасайтын танымал шебер. Бұл – бүтін бір еңбек әулеті, дәстүрдің көшін үзбей келе жатқан еңбекқор отбасы.

«Көрпе – жылылық. Көрпе – береке» деп отырады Шолпан апа. Сондықтан болар, оның қолынан шыққан әр көрпе қазақы иіс аңқытып, ұлттық болмыстың бөлшегіне айналуда. Оның қолымен жасалған көрпеден қазақы иіс сезіледі. Қазір дәстүрлі тіршілікпен айналысатын әжелер азайып барады. Біздің ширақ Шолпан Ұзақбайқызын өткеннің мұрасын бүгінге жеткізуші, ертеңгі ұрпаққа жол қалдырушы, ақжаулықты аналарымыздың тірі шежіресі деп білеміз.

Жұлдыз АСҚАР,
Казталов ауданы

Ұстаздық жолы өнеге

Қаратөбе жерінде дүниеге келген қара бала бұл күндері зейнеткерлік жасқа жетіп, саналы ғұмырын білім саласына арнаған ұстаз ретінде ел құрметіне бөленіп отыр. Мұғалім мамандығын жүрек қалауымен таңдаған Елеу Қалиев 1963 жылы Егіндікөл ауылында көп балалы жанұяда дүниеге келді. Отбасындағы тұңғыш бала, немеренің алды болғандықтан, ол атаәжесінің тәрбиесінде өсіп, еңбектің қадірін ерте түсінді. Атасы өте шебер адам болғандықтан, кішкентайынан еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулыды. Осындай тәлім-тәрбие алған оның болашақ өмір жолы да жарқын болды.

Елеу мектеп қабырғасында жүргенде спортқа ерекше қызығушылық танытып, түрлі жарыстарда жетістіктерге қол жеткізді. Бұл қызығушылығы үлкен арманға ұласты. Ол Қарағанды педагогикалық институтының дене шынықтыру және әскери дайындық факультетіне оқуға түсіп, оны сәтті аяқтады. Еңбек жолын туған жерінде бастады. Білім ұясында мұғалім болды, кейін оқу ісінің меңгерушісі міндетін абыроймен атқарды. Ұстаздық жолындағы табандылығы мен жауапкершілігі оны басшылық қызметке алып келді. Өмір жолының әр кезеңінде Шыңғырлау ауданының Полтава, Алмаз, Қарағаш, Жаңатұрмыс ауылдарындағы мектептерде директор қызметін атқарып, білім саласының дамуына өз үлесін қосты. Қазіргі кезде Шоқтыбай аулындағы білім ұясына басшылық етуде.

Әріптестері Елеу Шәкірұлының ұжымдағы татулық пен бірлікті сақтай білетін, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, жауапкершілігі мол басшы екенін айтады. Әр мерекелік шара мен білім беру жобаларын тың идеялармен ұйымдастырып, өзі де үнемі басы-қасында жүретін іскер, адамгершілігі мол жетекші ретінде құрметке ие. Полтава мектебінде қызмет еткен жылдары оның азаматтық болмысы айқын көрінді. Қиындыққа тап болған жалғызбасты жұмысшыға қолдау көрсетіп, мерейтойын ұйымдастырып беруі – оның кең жүректі, жанашыр азамат екенін көрсетеді. Бұл – халық даналығындағы «Жақсыдан шарапат» деген сөздің өмірдегі көрінісі іспетті.

Сынып жетекшісі Бәтима Әзербайқызы да шәкірті туралы жылы лебізін білдірді. «Елеу мектепте оқып жүрген кезінен-ақ сабырлы, еңбекқор, спортқа бейім, жауапкершілігі мол оқушылардың бірі болды. Қандай істі де тыңғылықты орындап, достарына көмектесуге әрдайым дайын тұратын. Сол жақсы қасиеттері оны өмірде де биік белестерге жеткізді деп сенемін», – дейді ұстазы.

Сыныптас досымыз ауылдың тыныс-тіршілігіне, елдің ауызбірлігін сақтау мен ұрпақ тәрбиесіне белсене араласып, ұлағатты ұстаз, қадірменді аға атанып жүр. Атадан алған тәрбие, қалыптасқан мінез оның өмір жолындағы жетістігінің бастауы болған шығар, бәлкім. Бұл күндері Елеу Шәкірұлы жары екеуі – ұл-қыздарының қызығын көріп, немерелері мен жиендерінің тәтті қылықтарына сүйсініп отырған бақытты ата-әже. Ұзақ жылдар бойы атқарған ұстаздық еңбегі мен елге сіңірген қызметі кейінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Артур ҚҰБЫНИЯЗОВ,
Шыңғырлау ауданы

Идея мен инновация көрмесі

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да «Цифрландыру және жасанды интеллект» бағдарламасы аясында іс-шара өтті. «Университеттегі жасанды интеллект пен цифрлық шешімдер» атты студенттік жобалар көрмесіне БҚАТУ-дың ғалымдары мен оқытушылары, сонымен қатар студенттер қатысты.

Көрменің мақсаты – студенттердің жасанды интеллект (ЖИ) бағытындағы жобаларын таныстыру және олардың ғылыми ізденісін қолдау. Сонымен қатар жас зерттеушілер белсенді қатысушы ретінде идея ұсынып, прототиптер жасайды және кейбір жүйелерді әзірлеуге тікелей қатысады. Жасанды интеллект студенттердің сараптамалық (аналитикалық) ойлау қабілетін, бағдарлау дағдысын, инновациялық көзқарасын дамытады. Яғни еңбек нарығында бәсекеге қабілеттігін арттырады. Бұл көрме студенттердің төл идеясын көрсетуіне, тәжірибе алмасуға, жаңа ғылыми бағыттарды зерттеуіне жол ашады.

– Көрмеде студенттердің ЖИ көмегімен жасаған жобалары таныстырылды. Атап айтатын болсақ, талапкерлерге арналған «TalapkerBot», ғылыми зерттеулерге арналған «ScienceFinderBot», білім беру үрдісіне арналған «AIMentorBot» және кадрлық үрдістерге арналған «HRAssistant-Bot» жобасы көпшілік назарына ұсынылды. Белсенді қатысқан студенттердің жобалары болашақта университетімізде жүзеге асатын нақты цифрлық шешімдердің бастауы болуы әбден мүмкін, – дейді Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ға қарасты «Цифрлық даму» орталығының директоры Гауһар Камалова **(суретте).**

Әлемдік технологиялық стартаптар дәл студенттік жобалардан бастау алады. Келешекте жақсы идеялар қолдау тапса, үлкен инновациялық жобаларға айналуы мүмкін. Сәтін салса, студенттік жобалар университет ішінде нақты жүйе немесе цифрлық қызмет ретінде іске асуы ықтимал.

– Жасанды интеллекттің көмегімен цифрлық алаяқтықтың алдын алуға болады. «StopScam» мобильді қосымшасы арқылы алаяқтықтың жолын кесіп, спам-қоңырауларды, күмәнді смс-терді, белгісіз сілтемелер мен QR-кодты анықтауға, зерттеп талдауға мүмкіндік береді. Телефонға түскен қоңыраулардың тарихын, күмәнділігін тексеріп, оны бұғаттауға және қабылдамауға тойтарыс бере аламыз, – деді Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың III курс студенті Ерболат Ерасыл **(суретте)**.

Көрме соңында студенттер жоба ауторларының жұмысымен жекелей танысып, сұрақ-жауап алмасты.

Гүлфия АЗАМАТҚЫЗЫ,
Орал қаласы

Сапар саны – КІТАП

«Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында атап өткендей, кітап оқудың адамзат баласына тигізер пайдасы орасан зор. Түйсігі бар әрбір жан үшін ғылым мен білімнің қайнар көзі кітап

екені даусыз. Кітап оқудан қол үзген ұлт рухани жұтаңдыққа ұшырайды.

Кітап – жолаушының сапардағы сенімді серігі, кемелденудің кепілі. Жуырда «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық орталық әмбебап ғылыми кітапханасы бастамашы болған «Жолда кітаппен бірге» атты буккроссинг жобасы Тасқала ауданында жалғасын тапты. Рухани жоба қоғамдық көлікте кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға, тұрғындардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға, бос уақытты тиімді пайдалануға бағытталған. Сондай-ақ жолаушылардың сапарда кітапты серік етіп, еркін алмасуына әрі жол үстінде оқуға мүмкіндік жасау көзделген.

Іс-шара барысында Тасқала ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Мұхтар Таңатжан сөз сөйлеп, кітапхана ұжымының игі бастамасына қолдау білдіріп, жолаушыларға сәтті сапар тіледі. Ашылу салтанатында кітапханашылар Тасқала – Орал бағыты бойынша қатынайтын қоғамдық көліктегі жолаушылармен жүздесіп, кітаптар табыстады және арнайы көрмені таныстырды. Олар жолаушыларды уақытты тиімді өткізіп, кітап оқуға шақырды.

Қоғамдық көлікке орнатылған кітап сөресі – жолаушылардың телефонға телмірмей, уақытын мазмұнды өткізіп, рухани баюына мүмкіндік беретін игі бастама. Жолаушылардың бірі, ауыл тұрғыны Гүлайым Орынғалиқызы жобаны қолдап, жол үстінде кітап оқуды ұйымдастырған кітапханашыларға алғысын білдірді. Ардагер ұстаздың айтуынша, сапарға шыққан әрбір адам кітап оқуды дағдыға айналдырса, бұл үрдіс болашақ ұрпаққа өнеге болмақ.

Сөредегі әр кітап өз оқырманын тауып, рухани серікке айналса – кітапхана ұжымы үшін үлкен қуаныш. Бұл бастама – оқуға құштар қоғам қалыптастыруға, озық ойлы оқырмандар қатарын арттыруға бағытталған маңызды қадам. Әр сапар жаңа ойға жетелеп, жаңа әсер сыйлап, рухани әлемімізді кеңейте берсін. Кітаппен кемелденіп, рухани тола түсейік.

Анаргүл ӨТЕУҒАЛИҚЫЗЫ,
Тасқала аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің әдістемелік бөлім меңгерушісі

Мәди САЛЫҚ

Әсем Шукатова – әкімдіктегі жайлы кабинетін кофеханаға айырбастаған сырымдық кәсіпкер. Бүгінде аудан орталығында ашқан кофеханаға келушілер көбейді.

Батыл бастама: кабинеттен - кофеханаға

Әсем Мағалымқызы 2001-2012 жылдары ауылдағы жалпы білім беретін Қадыр Мырзалиев атындағы орта мектепте білім алып, 2012-2016 жылдары Астана қаласындағы Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін мәдениеттану мамандығы бойынша тәмамдады. Мектеп кезінен бірнеше спорт түрімен айналысып, аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, биіктерден көрінді.

Университетті аяқтаған Әсем біраз жыл Сырым ауданының әкімі аппаратында, соңғы екі жыл Бөрлі ауданының Ақсай қаласында дене шынықтыру және спорт бөлімінде қызмет атқарды.

Әдетте ауылдық жердегі жастар дүкен ашып, шаштараз болып, тігін тігумен айналысып жатады. Ал ол ауылда кофе ішу мәдениетін қалыптастыруды мақсат еткен.

– Ақсай қаласында жұмыс істеп жүрген кезімде, жаз мезгілінде саябаққа серуендеуге жиі шығатынмын. Бір күні саябақ ішінде орналасқан шағын ғана ғимараттан адамдардың қолдарына түрлі сусындар ұстап шығып жатқанын байқадым. Қызығып, ішіне кіріп көргенімде, кішкентай ғана бұрышта коктейльдер, лимонадтар дайындалып, сатылып жатыр екен. Келушілерде есеп жоқ. Сол жерде алғаш рет «bubble tea» ішіп көрдім. Оның ерекше дәмі маған қатты ұнады. Сол сәтте-ақ неге осындай орынды өз ауылымда ашпасқа деген ой келді. Бұл ой Жымпиты ауылына келген сайын тіпті күшейе түсті. Құрбыларымызбен бас қосып, кофе ішкенді ұнататынбыз, алайда ауылда сапалы кофе ішіп, еркін отырып әңгімелесетін жайлы орынның жетіспейтіні анық сезілетін.

Жымпитыда кофе негізінен жанар-жағармай бекеттерінде және бір-екі кафеде ғана бар. Алайда бұл орындарда көбіне аутоматты кофемашиналар қолданылады. Ол жерлерге бару үшін көбіне көлік қажет, ал жаяу жүретін тұрғындар, балалармен серуендеп жүрген ата-аналар мен жастар үшін бұл қолайсыз. Осы себеп мені туған ауылымда жаяу да, көлікпен де оңай қатынауға болатын кофехана ашу идеясына алып келді. Қайткенде де, аудан орталығында сапалы кофе, лимонадтар мен «bubble tea» сияқты сусындардан ләззат алатын шағын әрі жылы атмосферасы бар орын болуы керек қой. Бұл жоба – тек кәсіп емес, ауыл тұрғындары үшін жайлы кездесу орны болсын деген ниеттен туған бастама.

Ауылда кофе мәдениеті қаладағыдай дамымағандықтан, халық қабылдай ма, сұраныс бола ма деген күмән болды. Бірақ мен қорқынышқа емес, мүмкіндікке көбірек сендім, – дейді жас кәсіпкер.

Кәсіпкердің шаруасы Жымпитының орталығындағы он шақты жыл бұрын салынған ғимаратты сатып алудан басталған. Әсем алғашында ағасымен бірлесіп, өз қаражаты есебінен жұмыс жүргізді. Кейін кофехананы толық іске қосу үшін «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде 2025 жылдың қыркүйек-қазан айларында 2,5% үстемемен 4,1 млн теңге несие алған. Несие қаржысына кофемашина, кофемолка, қажетті құрылғылар мен әдемі жиһаз сатып алған.

Бүгінде «Sunny.A» кофеханасы тұрақты тұтынушылар тауып, жүйелі жұмыс кестесін қалыптастырды.

Қондыкер ЕЛЕУОВ,
Сырым ауданы

Басы дауға қалған шенеунік ауруханада қайтыс болды

Шыңғырлау ауданында кәмелетке толмаған қызды зорлады деген күдікпен қамауға алынған шенеунік қайтыс болды. Бұл туралы облыстық полиция департаменті хабарлады.

Ақпан айында мемлекеттік қызметкерге 16 жастағы қызды зорлау фактісі бойынша іс қозғалды. Бойжеткеннің әкесі шағым түсіргенімен, күдікті айыпты мойындамаған. Жәбірленуші мен анасы арызды кері алғанымен, құзырлы құрылымдар ықпалымен іс қайтадан ашылды.

«2026 жылдың 25 ақпанында күдікті заңда белгіленген тәртіппен уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

11 наурызда денсаулық жағдайының нашарлауына байланысты күдікті Орал қаласындағы облыстық көпбейінді ауруханаға жан-сақтау бөліміне жеткізілді. Дәрігерлердің қорытындысына сәйкес «бауырдың уытты зақымдануы, бауыр некрозы, инсулинге тәуелсіз қант диабеті (кетоацидозбен)» диагнозы қойылған.

Күдікті 16 наурызда сағат 18:10-да есін жимастан қайтыс болды. Аталған факт бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Қазіргі уақытта жан-жақты тексеру жүргізілуде», – деп хабарлады ПД баспасөз қызметі.

57 жастағы ер адам жер қатынастары бөлімін басқарған. Аудан әкімдігі оның қаңтар айында жұмыстан босағанын мәлімдеген.

Заңсыз займ таратқан

Қаржылық мониторинг агенттігінің облыстық департаменті Орал қаласында заңсыз микрокаржылық қызмет жүргізген дүкенді анықтады.

Тергеу мәліметі бойынша «Аванс 07» ЖШС-ның басшысы тиісті лицензиясыз зергерлік бұйымдарды кепілге алып, азаматтарға ақша беруді ұйымдастырған.

Займ беру «Уральск Золото» комиссиондық дүкеннің жұмысы ретінде көрсетіліп, жасырын түрде жүргізілген.

Қарыздар комиссия шарттары арқылы рәсімделген, ал пайыздық төлемдер зергерлік бұйымдарды сақтау қызметінің ақысы ретінде көрсетілген.

Ломбард дүкені 2 мыңнан астам қарыз таратқан. Қылмыстық жолмен алынған табыс көлемі 128 млн теңгеден асты. Сот санкциясымен күдіктінің аутокөлігі мен 6 млн теңге көлеміндегі қолма-қол ақшаға тыйым салынды.

Қазіргі уақытта тергеу амалдары жалғасуда.

Ішімдіктен кейін ұшықты...

12 наурызда Тасқала ауданында ер адам кісі қолынан мерт болды. Облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі күдіктінің ұсталғанын хабарлады.

«Осы факт бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қылмыс жасады деген күдікті анықталып, ұсталды. Ер адамдар спирттік ішімдікті ішкеннен кейін жанжалдасқан. Қазіргі уақытта тергеу амалдары жүргізілуде. Оқиғаның барлық мән-жайы анықталуда», – деп мәлімдеді ПД баспасөз қызметі.

Департамент өкілі ҚР ҚПК-ның 201-бабына сілтеме жасай отырып, басқа ақпаратты беруден бас тартты.

Нүркен ҒАППАР

Қордың қайырымдылығы

Рамазан айында «Дәдем ата - Жұмағазы хазірет» қоры Сырым ауданына қарасты Алғабас және Шолақаңқаты ауылдық округтерінде тұратын 40 отбасына қайырымдылық көмек көрсетті.

Жұмағазы хазірет ұрпағы, киелі мекеннің шырақшысы, қор директоры Ғарифолла Жанбозов наурыздың 17-сі күні Алғабас және Тоғанас ауылдарына арнайы барып, жалпы құны 600 мың теңгеге жуық күнделікті тұтынатын азық-түлік заттарын үлестірді.

Қор парақшасындағы деректерге сүйенсек, Ғарифолла Баймұратұлы мұндай қайырымдылық көмекті жыл сайын бірнеше мәрте атқарып, ел-жұрттың ризашылығына бөленіп жүр.

«Осы азық-түлікті аталған ауылдарға жеткізу үшін белгілі кәсіпкер, облыстық мәслихаттың депутаты Тұрарбек Тілемісев тегін көлік беріп, қолғабыс көрсетті», – дейді Ғарифолла Баймұратұлы.

Әбу ӘБДІРАХМАН

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК Батыс Қазақстан филиалы Шаған су қоймасының гидротехникалық тірегіш ғимараттары арқылы жер үсті ағынын реттеу қызметтерінің 2025 жылы бойынша табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері жөнінде тұтынушылар алдында есеп беру тыңдалымы 2026 жылғы 17 сәуірде сағат 11:00-де Орал қаласы, Самар көшесі 23Б мекенжайында (1-қабат, акт залы) тұтынушыларымен өтетінін хабарлайды.
Барлық қатысуға ниет білдірушілер шақырылады.

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК Батыс Қазақстан филиалы каналдар арқылы су беру қызметтерінің 2025 жылы бойынша табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері жөнінде тұтынушылар алдында есеп беру тыңдалымы 2026 жылғы 16 сәуірде сағат 15:00-де Орал қаласы, Самар көшесі 23Б мекенжайында (1-қабат, акт залы) тұтынушыларымен өтетінін хабарлайды.
Барлық қатысуға ниет білдірушілер шақырылады.

«Көз алдымыздан кетсе де, көңілімізден өшпейді»

Осыдан он жыл бұрын өмірден озған Әлібек Байжанұлы Сәтбаев 1948 жылдың қаңтарында Қызылорда облысының Қазалы ауданына қарасты Жаңа Қазалы кентінде теміржолшының отбасында жарық дүниеге көрінген.

Ә. Сәтбаев – Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты агрономия факультетінің 1971 жылғы түлегі. Бертін келе Алматыдағы басқару және саясаттану институтының саясаттану факультетін (1991) саясаттану мамандығы және Қазақ мемлекеттік заң академиясының заң факультетін заңгер мамандығы бойынша (2001) тәмамдаған. Ол – Кеңес өкіметі кезінде біраз жыл комсомол және партиялық қызметтерде болып, ұйымдастырушылық қарымқабілетімен танылған азамат. Ал еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін 1994-2002 жылдар аралығында Ақжайық ауданының әкімі, 2002-2012 жылдары әуелі ҚР Ақпарат министрлігінің Батыс Қазақстан облысындағы ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы, кейін Батыс Қазақстан облысы жер қатынастары басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. Біз бүгін Әлібек Байжанұлының көзін көрген, тағылымды сөзін естіген аға толқын ардагерлер мен қызметтес болған замандастарының естеліктерін ел-жұрттың назарына ұсынып отырмыз.

Ғибатолла ТІЛЕПӘЛИЕВ,
зейнеткер,
Ақжайық ауданының
құрметті азаматы:

– Еліміз егемендік алған алғашқы жылдары тарихымыздағы ең бір ерекше әрі күрделі кезеңдердің бірі болды. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, қуанышымыз қойнымызға сыймай, бөркімізді аспанға атқанымызбен, жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшу үдерісі оңайға соқпады. Қайта құру, демократия, еркіндік ұғымдары қоғамға жаңа леп әкелгенімен, оны әркім әрқалай түсінді.

Ауылдық жерлерде жағдай тіпті қиындай түсті. Колхоз-совхоздар тарап, аудан-ауылдарды жұмыссыздық жайлады. «Жекеменшік», «бартер», «купон» сияқты жаңа ұғымдар қарапайым ауыл тұрғындары үшін түсініксіз болып, олардың тұрмыс-тіршілігіне ауыр салмақ салды. Күн өткен сайын кедейшілік пен жұмыссыздық кең етек жайды.

1997 жылы аумақтық-әкімшілік өзгерістерге байланысты Тайпақ ауданы таратылып, оның аумағы Чапаев ауданына қосылып, жаңа Ақжайық ауданы құрылды. Таратылған Тайпақ ауданының орталығындағы басқару құрылымдары біржола қысқартылып, көптеген білікті маман қызметсіз қалды. Кеңес заманында жұмыс істеп тұрған кірпіш зауыты, тігін цехы, байпақ және тері өңдеу шеберханалары, құрылыс бригадалары жабылып, елдің әлеуметтік жағдайы одан әрі нашарлай түсті. Сол бір қиын-қыстау кезеңде халықтың жағдайы тым ауыр болды. Бірнеше айлап, тіпті жарты жыл бойы зейнетақы, жалақы, жәрдемақы төленбей, жұртшылық тығырыққа тірелді. Осындай сын сағатта жергілікті жұртқа тірек болатын, халықты соңынан ерте алатын білікті басшы ауадай қажет еді. Міне, дәл осындай шақта өмірлік тәжірибесі мол, облыс көлемінде басшылық қызметтер атқарған Әлібек Сәтбаевтың ауданда бірінші басшы болуы жұртшылыққа үлкен үміт сыйлады. Ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен, парасаттылығы және адамгершілік қасиеттерімен халықтың сеніміне ие болды. Аудан тұрғындарымен жиі жүздесіп, ел басына түскен қиындықтың өтпелі кезең екендігін түсіндіріп, жұртты сабырға, бірлікке шақырды.

Әлібек Сәтбаев жиі-жиі жиын өткізіп, халықпен ашық пікір алмасатын. Кәрі-жастың мұң-мұқтажын тыңдап, қолдан келгенше нақты көмек көрсетуге тырысты. Шаруашылық байланыстар үзіліп, тіршілік тұралап қалған тұста ол құлағанды тұрғызуға, жылағанды жұбатуға, сүрінгенге сүйеу болуға бар күш-жігерін салды. Адасқанға бағыт-бағдар көрсетіп, елдің еңсесін тіктеуге еңбек сіңірді. Оның кең пейілі мен жанашырлығы әсіресе, жергілікті жұрттың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз бөлігіне көрсеткен қамқорлығынан айқын көрінді. Жоқжітікке жанашыр болып, қолынан келген көмегін аямады. Сондықтан да үлкен-кіші оның сөзіне құлақ асты, айтқанына сенді.

Ғинолла САДИРОВ,
зейнеткер,
Ақжайық ауданының
құрметті азаматы:

– Мен Әлібек Сәтбаевты 1997 жылы Тайпақ ауданы жабылып, Чапаев ауданына қосылғаннан бері білемін. Сол жылдар халыққа да, билікке де ауыр тигені белгілі. Қоғамдық формация күрт өзгеріп, елімізде жаппай жұмыссыздық белең алды. Әсіресе, тайпақтықтар ауданның жабылуына байланысты көп қиындыққа тап болды. «Тайпақ ауданының аумағын бірнеше ауданға бөліп береді екен-мыс» деген алыпқашпа сөздер жағдайды тіпті күрделендіріп жіберді. Тайпақтықтар көтеріліп, көшеге шығып, наразылық білдіріп жатты. Аудан әкімі Сәтбаевқа ұжымымен бірге осындай қиын жағдайда жұмыс істеуге тура келді. Міне, осындай қиын-қыстау уақытта Әлібек Байжанұлы өзін ұстамды, білікті, тәжірибесі мол маман ретінде көрсете білді. Екі ауданның бір аудан болып қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Сол кездері ұйымдастырылатын жиналыс, тұрғындармен кездесу бірнеше сағатқа созылатын. Аудан әкімі ретінде Әлібек Сәтбаев әрбір тұрғынның ұсыныс-пікірлерін мұқият тыңдап, мекеме басшыларына тапсырып, мәселенің орындалуын өзі қадағалап отыратын. Ауыл тұрғындары арыз-шағыммен ауданға бармай-ақ, жергілікті жерде өз мәселесін шеше алатындай жағдай туғызуға тырысты. Ол үшін аудандағы түрлі сала басшылары кесте бойынша өздері ауыл тұрғындарын қабылдайтын еді. Жұмыссыз қалған мамандарды аудан орталығына алдырып қызмет беріп, орналастыруға көп көңіл бөлді. Мәдениет қызметкерлері, әсіресе, өнерлі жастарды аудан орталығына шақыртып, жағдай жасады. Сол азаматтар қазір аудан, облыс орталықтарында өз қатарының алды болып жүр. Тайпақта гимназиялық білім ошағының ашылуы ауыл болашағына үлкен серпін берді. Осындай қиын кезеңде гимназия ашылады дегенге ешкім сенбеді. Мамандарға Тайпақ ауылына гимназия мектебін ашу керектігін көтерген Әлібек Сәтбаев бар күш-жігерін жұмсап, көп еңбек сіңірді. Балабақшадан қалған ғимаратты гимназияға бейімдеп, жөндеу жүргізуге көмектесті. Тайпақ ауылында ұйымдастырылып жатқан түрлі мерекелік іс-шараларға өзі бара алмаса, орынбасарларын арнайы жіберетін. Ол өзі біздің ауданда қызмет істеген жылдары халықтың ұйымшылдықпен, ынтымақпен жұмыс істеуіне үнемі мүдделілік танытты. Татулықты ту еткен іскерлігімен, көрегендігімен көпшіліктің көңілінен шықты. Сондықтан да біз ондай азаматты көз алдымыздан кетсе де, көңілімізден өшірмейміз.

Меңзипа ЖҰМАТОВА,
еңбек ардагері,
Ақжайық ауданының құрметті азаматы:

– Өткеннің өсиетін, кеткеннің қасиетін айту – көз көрген тірі пенденің парызы. «Қабаты қалың қара жер, Талай ерді жалмаған» демекші, Әлібек Байжанұлының өмірден өткеніне де 10 жыл болыпты.

Әлібек Байжанұлы сонау өтпелі кезең, өліара шақта, Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары қосылған қос ауданның әкімі болды. Орал – Атырау тасжолының 71 шақырымынан бастау алып, Индер ауданына дейінгі Жайықтың қос қапталын алып жатқан Ақжайық ауданы – географиялық жағынан облыстағы күрделі аудандардың бірі.

Қиын-қыстау кезеңде екі ауданның халқының бүгінгі жарасты тыныс-тіршілігінің қалыптасуына сол кездегі аудан басшысы ерен еңбек сіңірді. Ол кісі ауданның әлеуметтік саласына көп көңіл бөлді. Сол кезде облыста тұңғыш аудандық телестудия ашылып, бір сағаттық эфирге шығып, ауданның әлеуметтік-экономикалық жаңалықтарын халыққа таратты. Әлібек Байжанұлы сол қиын кезеңнің өзінде шағын және орта бизнесті ел-жұрттың жағдайын жақсартудың, тұрмысын түзеудің бірден-бір көзі деп қарастырды. Аудан тұрғындарына 30 000 теңгеден несие беріп, көп адам жеке кәсібін дамытты. Қазіргі тоғыз жолдың торабында тұрған Васильев кешені сол жылдары негізі қаланғанын бүгіндері біреу білсе, біреу білмес. Қай жерде қандай көмек бар, қандай мүмкіндік бар – бәрін аудан халқы үшін пайдалана білді. Республикалық Қызыл жарты ай және Қызыл крест қоғамдары арқылы бірнеше тігін машинасын алдырып, ауданауылдардан қыз-келіншектерді оқытып, сол жерде тігін цехын ашуға ықпал етті. Иесіз тұрған ғимаратты бюджеттен бір тиын шығармай жөндетіп, әр кабинетін мекемелерге бөліп берді. Балалар емханасын ашты. Емхананың ашылу салтанатына сол кездегі облыс басшысы Қабиболла Жақыпов қатысқан еді.

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге де арнайы ғимаратты ыңғайлап, медициналық құрал-саймандармен жабдықталған кабинеттер ашты. Алыс ауылдық округтерден келген әскерге шақырылушыларға жатын орын, асхана, моншасымен жабдықтады. Осындай ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде аудандық қорғаныс бөлімі облыста үнемі бірінші орын алатын еді.

Әлібек Сәтбаев өзі басқаратын ауданда спорттың бұқаралық сипат алуына айрықша көңіл бөлді. Ол «Денсаулық» клубын құрып, әсіресе волейболды дамытуға мән берді. Аудан орталығындағы №1 орта мектепте арнайы волейбол сыныбын ашты.

Әлібек Байжанұлы қиын кез, қымқуыт уақыттың өзінде жоқтан бар жасап, барды оқсатуға ұдайы ұйытқы бола білді. Ол Ақжайық ауданы тұрғындарының жадында іскер, жанашыр, кішіпейіл басшы ретінде қалғаны күмәнсіз.

Әленғали КЕРЕЙТЕГІ,
Орал шаһарының құрметті азаматы:

– Ұзақ жыл түрлі салада лауазымды қызмет атқарған Әлібек Сәтбаев Ақжайық ауданының әкімі болған кезінде де жемісті еңбек етіп, абыройлы қызмет атқарды. Мен Әлекеңді 1997 жылдан бері білемін. Сол жыл бұрынғы Тайпақ ауданының халқы үшін өте ауыр жыл болды. Жайықтың қос қанатын жайлаған, өңірімізде алғашқы құрылған аудандардың бірі жабылды. Оған қараған сегіз кеңшар облыстық мәслихат сессиясының шешімімен Қаратөбе, Теректі, Индер, Чапаев аудандарына таратылып, ту-талақай болатын хабарды естігеннен кейін, тайпақтықтар сеңдей соғылысып, есеңгіреп қалды. Наразылық танытқан жиындар жиі өтіп жатты. Төрт ауданға тарыдай шашылып кетпей, ең болмаса Чапаев ауданының қарамағына қосуды сұрап, халық жанұшырды, жанталасты, нақты ұсыныстарын айтып, дабыл қағып, нақты әрекеттерге көшті. Жоғарғы билік бұған да келіспей, жергілікті жұрт әбден сансырады. Дегенмен үзілді-кесілді қарсылық басылмады. Айналғанда халықтың орынды талабы ескерілді. Тайпақты Чапаев ауданына қосып, Ақжайық ауданы деп аталды. Осындай өліара шақта Әлібек Байжанұлына да оңай болған жоқ. Ол осынау алмағайып кезеңде өзін тәжірибелі іскер басшы екенін көрсете білді. Уақытының денін тараған аудан халқымен бірге өткізіп, халықтың мұң-мұқтажына ерекше көңіл бөлді. Әсіресе, тұрмысы төмен отбасыларға қолма-қол көмек ұйымдастырып, халықпен тығыз байланыста жұмыс істеуді қарауындағылардан талап етті. Ең бастысы, сол қиын жағдайда жұмыс істеген ауыл әкімдерін, барша басшы-қосшыны қиындықты бөлісіп, нәтижелі жұмыс істеуге бағыттай білді. Сол қиын кездерде түрлі сала басшыларының халықпен бірлесіп жұмыс істеуге міндеттегеніне куә болдық. Әлекеңнің тұла бойында күш-қайрат, ертеңге деген сенімділік, асып-тасып тұратын. Сол қуат-қарымын қарапайым адамдардың күнкөрісіндегі қиындықтар мен тапшылықтарын жоюға жұмсай білді.

Бірде Тайпақта бір жас келіншек егіз сәбиді өмірге әкелгенде, өзі арнайы барып құттықтап, телевизор сыйлады. Сол жанұяға үнемі қамқорлық жасап, тұрмыстық жағдайына көмектесіп отыруды ауыл әкіміне тапсырған болатын. Енді бірде ауыл әкімдерін жинап алып, малы жоқ, тұрмысы төмен отбасыларға қаржының көзін іздестіріп, жәрдемдесу жөнінде тапсырма берді. Соған орай 37 отбасыға 92 ешкі лағымен сатып әпердік. Олар сол ешкілерді сауып, балаларын қоректендіріп, сүтін шайларына қатық етіп, тұрмыстарын бірте-бірте оңалтып, әкімге алғыстарын жаудырды. Қасына кәсіпкерлерді ертіп жүріп, күнелтісі қиын отбасыларды жиі аралап, оларға қолма-қол көмек ұйымдастыратын-ды. Тайпақ ауылында қанша қиын кезеңдер болса да, Жеңіс күнінде жыл сайын аламан бәйге ұйымдастырып тұрады. Әлібек Байжанұлы уақыт тауып, соған да қатысушы еді.

Жоғарыда айтылғандай, жан-жақты қамқорлықты сезінген тайпақтықтар ешқайда үдере көшпей, аудан, ауыл басшыларының нақты қамқорлығын сезініп, жылы орындарын суытпады. Екі ауданның халқы бірлесіп, ортақ міндеттерді орындауға жұмыла еңбектенді. Сөйтіп, Әлекеңнің басшылығымен, жергілікті жұрт есін жиып «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бүгінде ынтымағы жарасқан Жұбан елі Ақжайық ауданының мақтанышына айналған халық болып, ғұмыр кешуде. Чапаевтықтардан біз, бізден олар үлгі алысып, арамызда берік ағайындық, бауырластық, бірауыздылық, өзгелерге үлгі боларлық сыйластықпен келе жатқан жайымыз бар. Нәтижесінде ортақ табысқа жетіп, ел Президентінің тапсырма, бағдарламаларын орындауда үлкен күш-жігермен еңбектеніп, халқымыз қуанышқа кенелуде. Сол жақсылық жалғасын таба бергей. Әлекеңмен бірге жұмыс істеген Д. Жақсыбаев, М. Жұматова, Ғ. Садыров тағы да басқа басшылық қызмет атқарған жерлестерімізге Жұбан елінің халқы дән риза.

Ержан КАБДОЛЛИН,
Алғабас ауылдық округінің бұрынғы әкімі, еңбек ардагері, Ақжайық ауданы:

– Әлібек Байжанұлы Ақжайық ауданын басқарған кезде мен Алғабас ауылдық округінің әкімі ретінде ол кісімен қызметтес болдым. Бұл еліміздің өз тізгіні өз қолына тиген кезең болатын. Елде жаппай жұмыссыздық, зейнетақы, еңбекақы пәленбай айлап кешігіп, тұрғындардың тұрмыс деңгейі қатты төмендеген өте күрделі кезең еді. Міне, осы уақытта Әлібек Байжанұлының біліктілігі, пайым-парасаты, ұйымдастырушылық қабілеті, елмен етене байланысы, яғни тынымсыз еңбегі айқын көрінді. Соның нәтижесінде аудан жұртшылығының болашаққа деген, басшыға деген сенімі артты.

Кісілігі мен кішілігін қатар ұстап қарауындағы қызметкерлерді, басқа да әріптестерін өзімен тең деңгейде қарап, олардың пікірімен санасып жасаған жұмыс, шүкір, жемісті, нәтижелі болды. Сәтбаевтың тәкаппарлығы жоқ, пандық көрсетпеген, ешкімнің сағын сындырмаған, ешкімге қылдай қиянат жасамаған көреген басшы болғанына бүкіл аудан жұртшылығы куә.

Ол ауданның елді мекендерін аралаған кезде тұрғындардың жағдайымен танысып, кездескен қиындықтардың уақытша екенін түсіндіріп, олардың ұсыныс-пікірлерін мұқият тыңдайтын. Шаруа айтып келген кісінің мәселесін мүмкіндігінше оңтайлы шешуге ұмтылатын. Әлекең қаржы-қаражат бейнелеп айтқанда, басқа тартсаң аяққа, аяққа тартсаң басқа жетпейтін сол жылдары біздің округ тұрғындарының өтініштерін ескеріп, Жаңажол орталау мектебін орта мектепке айналдырып, Тоған ауылында жаңадан кітапхана ашып, округке табиғи газ құбырын тарту үшін жобалау-сметалық құжаттарын даярлатқан еді. Мұндай жұмыстар аудан аумағында бірте-бірте қарқынды жүргізіліп, халықтың жағдайы біртіндеп жақсара түсті. Осылайша Әлібек Байжанұлы Ақжайық ауданының әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан үздіксіз ілгерілеп, біздің өңірдің іргелі аудандарының біріне айналуына жылдар бойы жүйелі үлес қосумен болды. Ол жігерлі ісімен, іске алымды, сөзге шалымды, ертеңін оза ойлайтын, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын қарапайым адами қасиеттерімен жадымызда өмір бойы сақталады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КОМИТЕТІ

ММ 2026 жылғы 03 сәуірден бастап 10 сәуірге дейін ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде жұмыс жобасының **«Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының Орал-Көшім суландыру және су құбыры жүйесінің Сәңкібай магистральдық каналын қайта жаңғырту»** және **«Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Айдархан магистральдық каналын қайта жаңғырту»** қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. 2026 жылдың 28 сәуірінде **«Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Бітік су қоймасын қайта жаңғырту»** ҚОӘБ бойынша ашық отырыстар түрінде тыңдаулар өтеді. Жобалық құжаттамалар пакеті ескертулер мен ұсыныстар үшін Қоршаған орта және табиғи ресурстардың ұлттық деректер қорының (ndbecology.gov.kz) веб-сайтында жүктелді.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің су шаруашылығы комитеті РММ Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі әкімшілік ғимараты, эл.пошта: kense-kvh@minsu.gov.kz, телефон: 8 (7172)74-11-39.

Бас жобалаушы: «Уралводпроект» ЖШС, БҚО Орал қ., Х. Чурин к-сі, 119 Н1 эл.пошта urwodpr@mail.ru телефон: 8 (7112) 53-51-64.

«Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалы қолданыстағы «Шаған су қоймасының гидротехникалық тірегіш ғимараттары арқылы жер үсті ағынын» реттелетін қызметі бойынша тарифтік сметаға оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерістер енгізілетіні туралы хабарлайды.

Кәсіпорын уәкілетті органға 4,51 теңге/м³ мөлшеріндегі орташа босату тарифінің жобасымен өтінім берді.

Енгізілген өзгерістерге байланысты 2026 жылғы 1 сәуірден бастап жаңа тарифтер қолданысқа енгізіледі.

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркелген, №9KZ49VPY00070442 куәлігі берілген

zhaikpress.kz

«ORAL ÓŃIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС
Бас директор Дархан ОРАЗОВ
Редакция алқасы:
Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН
Нұртай ТЕКЕБАЕВ,
Гүлсезім БИЯШЕВА
(бас редактордың орынбасарлары)
Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.
Бас редактор 51-25-80.
Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.
Жауапты хатшы 54-38-22.
Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.
Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óńiri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.
«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2.
Телефон: 8 (7132) 400-400, 8(7132) 545-545.
Индексі: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 9175
4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: Н. СҰЛТАНОВА,
А. ШОҢЫРАЕВА
Кезекші редактор: Я. РАБАЕВА

Қадірлі «Орал өңірі» газетінің оқырмандары!

Міне, Ұлыстың ұлы күні – әз Наурыз мерекесіне де келіп жеттік. Наурыз – жыл басы! Бірліктің, ынтымақтың, ырыс пен берекенің белгісі. Жадыраған көктемнің шуақты күндерін ала келетін тамаша мейрам! Күн мен түннің теңелетін айы. Жер-ана түрленіп, табиғат та жасарып, жаңара түскендей әсерге бөленеді. Осы ерекше күні «Хабар-Сервис» ЖШС-ның ұжымы сіздерге асқақ абырой, әрбір отбасына ынтымақ пен береке тілей отырып, қызметтерін ұсынады.

Кітап адамды ізгілік пен ізеттілікке, адамгершілікке баулиды, теріс ойдан, жан баласына жат қылықтардан ада қылады. Кітапты жаныңызға серік етсеңіз, бұл өмірде ұтылғаннан гөрі ұтатын жақтарыңыз көп боларына сеніміміз мол.

Қазір заманауи технологиялар дамығанымен, олардағы ақпараттар мен әңгімелер көп адамның санасында жатталып қалмайды. Әсіресе, белгілі ақын-жазушылардың туындылары, ізденімпаз азаматтардың жазған естеліктері, шежіре-кітаптар, өлеңдер мен мақалалар қағаз бетіне түскенде ғана көптің көңілінде қалады, жадысынан жоғалмайды. Сондықтан өз еңбектеріңіз бен ізденіп жазған материалдарыңыз болса және оны жарыққа шығарғыңыз келсе, «Хабар-Сервис» ЖШС-ның қызметіне жүгініңіз.

Біздің баспаханамыздың өзгелерден артықшылықтары:

- үздіксіз жұмыс және алдын ала жоспарлау;
- сапалы және жылдам қызмет;
- кәсіби және жауапкершілігі мол команда;
- тың идеялар мен ұсыныстар;
- қолжетімді баға.

Жанболат ЖҰБАНОВ,
«Хабар-Сервис» ЖШС-ның
атқарушы директоры

Наурыз – жаңа күннің, жаңа бастамалардың, жаңа жетістіктердің жаршысы!

Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі 9/2 «Хабар-Сервис» ЖШС
Тел.: 8-700-400-7545, 8 (7132) 400-400, 545-545, 8-775-740-4962
Эл. пошта: info.khabar@mail.ru

Қызғалдақты жұлмайық, Қызғалдақты қорғайық!

...Кіндік қанымыз ауылда тамғанымен, бұл күндері көп қазақ біраз жылдан бері қалада тұрады. Бірақ біздің жанымыз бәрібір ауылды һәм даланы аңсайды. Сірә, бұл сағыныштан біз өмір бойы арыла алмайтын сияқтымыз. Ал қазақтың кең байтақ даласында бүгіндері жауқазын қылтиғаны кәміл. Жауқазын – қар ерір-еріместен адам баласының көзіне түсетін, назарына ілігетін көктемнің алғашқы гүлі. Өзінің екі-ақ түсі бар, ақ сосын сары. Жауқазыннан кейін қазақы қырда алуан түсті қызғалдақ құлпырады. Иә, қызғалдақтың түсі сан алуан: қызыл, шымқай қызыл, күрең қызыл, ақ, алқызыл, алқызыл ақ, сары, қызыл-сары, жалқын сары... Бұл – қазақтың сайын даласына он сегіз мың ғаламды жаратқан құдіреті күшті Жасаған иеміздің өзі төсеген гүл жайнаған алып кілем!

Әлқисса, ауылдың ұл-қызы қырдың қызғалдағына құштар. Мұндай ынтызарлық бізге де тән еді. Жезбұға көлін жағалай қонған біздің ауылдан хош иісті қызғалдақ өсетін қыр үш шақырым қашықтықта. Сол қырға сегіз-тоғыз жасар кезімізден жаяу барып, қызғалдақ теретінбіз. Барып-келуіміз бар, гүл теріп жүгіруіміз бар, кемі жеті-сегіз шақырым жүріп қайтатынымыз анық. Қаршадай балаға бұл оңай шаруа емес. Қайтарда кейде шаршайтындығымыз соншалық, кейбіреуіміз терген гүлдерімізді көтеріп жүруге ауырсынып, жол жиегіне шашып кететінбіз. Ал шыдамдыларымыз алдымыздан шыққан аналарымызға гүл шоғын ұсынып, оларды шаттыққа бөлеп, қуанышқа кенелтетінбіз.

Ара-тұра қызғалдақ теруге түгел класс болып барушы едік. Ертеңіне терген гүлдеріміз үйдегі бөлмеміз бен класс терезесінің жақтауында шуағын төккен көктем күнінің нұрымен жайнап, біздің бақытты балалық шағымыздың базарын арттырып, ажарын аша түсетін. Кейін жоғары кластарда құрбы қыздармен қосылып:

Қырдың гүлі қызғалдаққа
балап арманым,
Бұл әнімді, ерке сәулем,
саған арнадым
Таң нұрымен нұрланасың,
Самал желмен ырғаласың,
Сен ерекше жырланасың қызғалдақтардай, *– деп ән шырқауға көштік.*

Ал аға-әпкелеріміз:

Қызғалдақтар, сарғалдақтар
Қызғалдақтар – қыздар мақтар
Гүл ұсынған қыз-жігітте
Махаббат бар, қызғанбаңдар, *–*

деп сызылтушы еді.

Балалардың қызғалдақтың бітік өскен жерін бір-бірінен қызғанатын кездері де болатын. Сұлулыққа құштар бала көңіл-ай!..

Кейбір достарымыз сабаққа бәріміздан бұрын келіп, өзі ұнатқан кластас құрбысының партасына қызғалдақ қойып, алғашқы сезімін білдірген кездер де болды. Асылы, алты ай қыстан кейін қырды құлпыртқан қызғалдақ – балаларға қоса, ересектердің де көзқуанышы.

Лала гүлдер тұқымдасына жататын қызғалдақ жыл он екі айда бар болғаны, әрі кетсе, 10-15 күн ғана гүлдейді. Бірақ осы аз ғана уақыттың ішінде ол қаншама жанның жүзін жайнатып, қаншама көңілге қуаныш сыйлап үлгереді десеңізші! Қызғалдақтың гүлдеу мерзімі көктемнің шырқау шыңы – сәуірдің соңы, мамыр айының алғашқы күндерімен тұспа-тұс келеді.

Еуропалықтарда қызғалдақтың отаны Голландия мен Грекия деген пікір қалыптасқан. Ал парсы әдебиетінде қызғалдақ тым ертерек тілге тиек болған. Голландиялықтардың қызғалдақты басыбайлы иемденгені соншалық, осы елдің футболдан ұлттық құрама командасының жейдесі де қызғалдақ түстес. Сөйте тұра, үшбу шағын мақаланы жазу барысында біз голландиялықтардың өздері олардың еліне қызғалдақ қазақ (қыпшақ) даласынан жеткізілгендігін мойындайтын дерек-дәйектерді де ұшыраттық. Алайда төл топырағында, яғни, атамекенінде құрып кету қаупі төнгендіктен, қызғалдақ Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Сондықтан да үлкен-кіші, қызғалдақты жұлмайық, қызғалдақты қорғайық!

Бауыржан ӘЛЖАН,
Қызылжар ауылы,
Теректі ауданы